

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

1/2014 ҚАҢТАР

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
Зәуре САДЫМОВА.	Қазақ тілі сабағында жаңа технологияны қолдана отырып оқушының белсенділігін күшейту.....3
Ғалия ШӘРІПЖАНОВА.	Мәтіндер мен жаттығулар жүйесін құрудың кейбір мәселелері.....11
<i>Туімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Әлия ҒАБДРАХМАНОВА.	Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың қолданылуы.....15
П.НҰРАХУНОВА.	Бастауыш сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу тілін дамыту көрнекілігі.....19
Қарашаш КЕРЕЙБАЕВА.	Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі.....26
Замира РАХИЕВА.	Қазақ тілін орыс тілді мектептерде оқытудың мақсат-міндеттеріне жету жолдары.....35
Жанаркүл ЖАҢБЫРШЫҚЫЗЫ.	Ойын элементтерін пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.....39
<i>Ұстаз мінбесі</i>	
Раушан РАМАЗАНОВА.	Қазіргі таңдағы білімнің мақсаты – бәсекелестікке дайын маманды даярлау.....48
Қаламқас ТОҒАСБАЕВА.	Ақпараттық технологиялар.....51
Дария КОПЧЕЛЬБАЕВА.	<i>В мире педагогики</i> Диалоговое обучение.....55
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Анар АХАТОВА.	Менің пірім – Сүйінбай.....60
Гүлнар ХАЙРУЛЛИНА.	Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт.....66
Алтынай ОСПАНОВА.	Шәкәрім шапағаты.....70
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Фарида ЕСЕНОВА.	Оқушының сөйлеу тілінде – Құрманғазы.....75
Гүлжан БАЙҒАРИНОВА.	Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем – қазақ отбасында.....78
Гүлназ ТҰРСЫНОВА.	Сөздік қор және нәтиже сабақ.....87
Назира КЕКІЛБЕКОВА.	Зат есімнің мағыналық түрлері.....96
Рая БАЙЖАНОВА.	Дұрыс тамақтанудың әдеби тілдесімде көрінеді.....99
Гүлбану ЖҮНІСОВА.	Сөйлеу қабілеті мен тамыр.....104
Сұлұшаш АХМЕТЖАНОВА.	Тіл байлығында – математикалық фигуралар.....108
Гүлден ӘБДІРАХМАНОВА.	Жемістер жеңісі – тілдесім.....112
Күлжамал НҰРАХМЕТОВА.	Сауаттылық пен нақыл сөздер.....115
Назгүл ФАЗЫЛОВА.	Сурет көрмесінде – тілге құрмет.....118
<i>Сыныптан тыс шара</i>	
Ләтипа ЕРСАЙЫНҚЫЗЫ.	Қазақшаныз қалай?.....121
Айгүл ЖҮНІСОВА.	Әдептілік пен адамгершілік қонағы – білімділік.....125
<i>Білім сынағында</i>	
Сәуле МЕДЕУОВА.	«Қазақ тілі» пәнінен дидактикалық тапсырмалар.....128

Зәуре САДЫМОВА,
Павлодар қаласындағы
№13 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН КҮШЕЙТУ

Қазіргі заман талабына сай білім беру – әрбір ұстаз міндеті болып саналады. Осы орайда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» және «Тіліміздің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тіліндей қолданылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеу керек» деген тұжырымдары бар [Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында», «Егемен Қазақстан» газеті, 3/ III-2005. №13]. Сондықтан қазақ тілін оқытуда ұстаздар қауымы, ең алдымен, осы тұжырымдарға сүйенгеніміз абзал. Қазақ тілі – эстетикалық талғамы зор тіл. Көркем өнерін, мақал-мәтелін, қанатты сөзін теңеулерін, бейнелі сөзін, өлең сөздері мен даналық талғамын нұрландырып тұрған нәрлі тіл – қазақтың баба тілі, қазақтың ана тілі. Осылардың бәрін шәкірттерге танытып, бойларына сіңіру үшін бүгінгі күннің қазақ тілі пәнінің мұғалімі адам ретінде ұлт

рухын асқақтататын, шың биікке шырқататын нағыз хас шебер болуы хақ. Тілді басқа ұлт оқушыларына оқыту – негізгі мәселелерді шешудің басты тетігі. Бүгінгі таңда оқытудың түрлі жаңа педагогикалық технологияларының туындауы да осының дәлелі. Мектепте оқытылатын барлық пәндердің маңызы зор, оның ішінде қазақ тілінің орыны аса ерекше. Орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен сабақ беруде оқушының ойлауы мен тілін дамытуда. Дүниетанымын қалыптастыруда алдымызда үлкен міндеттердің тұрғанын ұмытпағанымыз жөн. Оның ішінде әрбір грамматикалық тақырыптардың да қосатын үлес салмағы бары анық. Сонда қазақ тілі грамматикасы оқытылуының нақты тәрбиелік мүмкіндіктері қандай? Грамматиканың қай деңгейі, қай бірлігі оқушының ойлау мен тілінің дамуында үлкен орын ала алады? Жалпы, білім негізі бастауыштан басталатыны барлығымызға мәлім. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың өзіндік дүниетанымдық ұстанымдарын қалыптастыруда тәрбие теориясымен тығыз бірлікте қарастырылады. Шығыс халқының «Мың рет естігеннен гөрі бір көрген артық» деген даналық сөзі сабақта көрнекілік құралдарды тиімді пайдалана білуге айтылған тәрізді. Тірек-сызба дегеніміз – көрнекіліктің бір түрі. Көрнекілікті XVII ғасырда чехтың прогресшіл ұлы педагогы Ян Амос Коменский енгізді. Шетел педагогтары Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоций «көрнекілікті тек арифметика, геометрия сабақтарында қолдану мүмкін» десе, Я.А.Коменский мен оның идеясын қолданушы неміс педагогы Ф.В.Дистерверг пен орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский «көрнекілікті барлық пәндерде қолдану мүмкін және қажет» деген. [В.П. Беспалько. Слогаемые педагогических технологий. М., Педагогика, 1983]. Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге

жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әділ-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән беруде. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекетін дамытуына жол ашуы қажет. Танымдылық белсенділік – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Танымдық белсенділік проблемалық сұрақтың жауабын іздестіруде, өзіндік жұмыс орындауда жүзеге асады. Қазіргі кезде 80-нен астам педагогикалық технология қолданылып жүр. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсінуіміз керек. Бүгінгі күні мектептегі оқу пәндерінің мазмұны мен мақсаты оқыту мен тәрбиелеудің жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдер кеңінен қолдануды талап етеді. Сондай әдістердің бірі – оқушының логикалық ойлау қабілетін ескере отырып, байқау, көру қабілетінің ерекшеліктерін ескеріп, дамытатын сын тұрғысынан ойлау технологиясының мәні зор. Сабақ барысында оқушылардың бұрынғы білетінін жаңа біліммен ұштастыра отырып, белгілі бір идеяны қабылдап, оның неге қатысты екенін зерттеп, салыстыра отырып, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте зерттеуге бағытталған оқыту технологиясының бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Әлемдік озық идеялар негізінде жасалған жобалардың бірі – американдық педагог-ғалымдар Чарльз Темпл, Куртис Мередит, Джинни Стилл ұсынған «Оқыту

мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы. «Сыни ойлау» түсінігіне анықтама бере отырып, белгілі ғалым Дайана Халперн «ол – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттау ойлану» деген пікір білдіреді [«Мұғалім және заң» журналы. №6, 2009]. Технологияның философиясын тану үшін осы жерде сыни ойлау ұғымының мәнін ашу қажеттілігі туындайды. Сыни ойлау «сын» сөзімен төркіндес болғанымен сынау, сын айту, мінеу деген түсінік бермейді. Бұл – шындалған ойлау үлгісі.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- шындалған ойлау кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

Сын тұрғысынан ойлау деген не? Сын тұрғысынан ойлау – өзіндік ойлау. Сын тұрғысынан ойлау – сұрақ қоюдан және белгілі мәселенің шешімін талап ететін міндеттерді айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сын тұрғысынан ойлау – әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ең бір тиімді жолы оқушылардың өз бетінші білім алуларына жол ашады. Бұл тұрғыдан алғанда, аталмыш технологияның рөлі жоғары. Белгілі бір тақырып бойынша алған білімдерін ұжымдасып жалғастырады. Әркім өз пікірінше жалғастырады, оқушыларды шығармашылықпен әрекет

етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ең басты өлшемі – оның тиімділігі, нәтижелігі, жаңашылдығы. Мақсаты – білім алуға ұмтылатын шәкіртке жол көрсету, оқуға қызығушылығын ояту, сабақта оқушыны ізденіске бағыттау, оның шығармашылық тұлғасын қалыптастыру. Ең басты тиімділігі – оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындау, сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асуы, мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызу, ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен ерекшеленеді. Шығатын нәтижесі – оқушының қызығушылығын арттырады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, терең білім алуға жағдай жасап қана қоймай, коммуникативтік қатынасын қалыптастырады, оқушыны ізденіске жетелейді. Қазақ тілі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың ең бір тиімдісі – оқушылардың тіл байлығын дамытуда кеңінен қолдау алады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни, сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибеге енгізу нәтижесі жеткіншектерге мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатты. Біріншіден, әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді; екіншіден, жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқитын оқушы) қабылдауға үйренеді; үшіншіден, өз пікірі мен көзқарасын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді /мағынаны тану кезеңінде/; төртіншіден, өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды; бесіншіден, өздеріне белгілі материалды

пайдалана алады; ең соңында өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі, яғни, «Мен» деген сөзді ұғады [«Оқыту – тәрбиелеу технологиясы» журналы, №8, 2009].

Жалпы алғанда, сын тұрғысынан ойлау технологиясының бірнеше өлшемдері бар. Соның ішінде қазақ тілі сабағында ең басты тиімдісі – үш бірліктегі фазасы – қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой-толғаныс. Қызығушылықты ояту фазасындағы үйрену үдерісі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе бойынша оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ой түрткі арқылы әсер ету жүзеге асады. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», т.б. деген аттары бар стратегиялар жинақталған. Мағынаны ажыратуда үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында

басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т» кестесі сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне лайықтала қолданылады. Міне, осы аталған фазаларды қазақ тілі сабағында қолдану барысында оқушылардың білімге деген құштарлығы артып, күнделікті сабақта белсенділігін күшейтіп, өзара тілдесімдік әрекеттерін жетілдіруге кеңінен жол ашады. Оқушылар жаңа тақырып бойынша алдын ала бағдарлап жоспар құруға, өз идеяларын жеткізуге бейімделіп, берілген тапсырмалардың орындалу шартына байланысты қиын тапсырмаларды орындауға ұмтылады, өз сыныптастарының пікірін өз пікірімен салыстырып байыптауға қалыптасып, өзгенің пікірін ұғынуға, түсінуге бейімделеді, яғни, ымыралы келісімді іздейді, әрі коммуникативтілік ерекшеліктері артады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында осындай инновациялық технологияларды пайдалану оқыту тиімділігін арттырады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, дарынын дамыту – мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді

міндеттейді. «Жаксы мұғалім әр уақытта қат, қымбат, өйткені ол – мектептің жүрегі» деп ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин айтқандай, мектеп үшін ең керегі – жақсы мұғалім. Бүгінгі күннің мұғалімнен маман ретінде талап ететіні – белсенділік, өзіндік сыни көзқарасы бар, педагогикалық жағдайлардың шешімін таба білетін, мәдениетті, рухани жаны таза, дүниетанымы кең, адами асыл қасиеттердің қазынасы, әрі кәсіби білікті маман болу. «Мектептің тірегі де, тілеуі де – оқыта білетін мұғалім» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сәйкес білім беру мүмкін емес. Осы мақсаттарды жүзеге асырудың алғы шарты – оқу-тәрбие жұмысын басқаруды әрі жүйелі жоспарлай білу, сол жоспарды жүзеге асыру. [«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №4, 2003] Біздің жалпы білім беретін орта мектеп жұмысында инновациялық үдерісті жобалау және бағдарлы білім берудегі мақсатымыз – шығармашылық ізденістегі ұстаздар қатарын толықтыру, білім беру мен оқыту әдістемесін жаңа технологиялармен байыту, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бәсекеге қабілетті жеке тұлғасын тәрбиелеу. Қорыта айтқанда, инновациялық білім беру әдістемелерінің ішінде сын тұрғысынан ойлау технологиясы – тиімді құралдың бірі. Инновациялық білім – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, ұстаздың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған. Ең бастысы, оқушыны келешек өмірге дайындап, білім-біліктерін, іскерлігін өмірде қолдануға жағдай жасайды.

Ғалия ШӘРІПЖАНОВА,
ф.ғ.к., Алматы энергетика және
байланыс университетінің доценті.

МӘТІНДЕР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тіл үйретудегі негізгі құрал – жаттығу болып саналса, қазір тілді үйретуде оны қатысым құралына, қолданыстағы қызметіне бағыттау мәселесі қойылып, ол негізгі бағыт, негізгі әдіс деп танылып отыр.

Тілді қатысымға байланысты бағытта оқытумен қатар жаттығулар топтастырылып, әр жаттығудың мақсаты, қызметі ғалымдардың зерттеу нысанына айналды.

Техникалық оқу орындарында қазақша сөйлеуге үйретуде тілдік жаттығулар мен сөйлеу жаттығулары қолданылады.

Тілдік жаттығулар оқушыға тілдің грамматикалық материалын сөйлеудегі қолданысымен бірге меңгертеді. Сөздік қор жетілдіріледі. Бұл үйрету кезеңінде грамматикалық құрылыстың бір-бірімен байланысы да негізге алынады. «Мысалы, сұрау есімдіктері мен сұраулық шылау, сұраулы сөйлем байланысы, үндестік заңы мен қосымшалардың дыбыстық варианттары, шақ пен жіктік жалғауы, бастауыш пен баяндауыштың жақ арқылы байланысы мен жіктік жалғауы, сын есім, сан

есім, сілтеу есімдігі мен анықтауыш, анықтауыштық сөз тіркесі, септік жалғаулары, сөз тіркесі, сөйлем мүшесі, тәуелдік жалғау мен ілік септік, олардың сөз тіркесін жасауы, одағай мен сөйлемдегі оқшау сөздер, сөйлемдегі сөздердің орыны мен сөйлем мүшелері, т.б. тілдік бірліктердің байланысы дайындық жаттығуларында ескеріліп отырады» (Р.Шаханова. А., «Ғылым», 2011). Бұл сияқты тілдің негізгі грамматикалық құрылысымен таныстыру студенттің ойын дұрыс жеткізуі үшін қажет. Сөйлеу жаттығулары тілдік жаттығуларды берілген тілдік бірліктерді сөйлеуде, қарым-қатынаста өз пікірін басқаға білдіруде еркін қолдануды жетілдіру, дамыту, тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланатын дәрежеге көтеруді мақсат етеді. Техникалық даму заманында адамдар телефонмен сөйлеседі, теледидар көреді, интернетте чат арқылы сөйлеседі, радио тыңдайды, кітап оқиды. Қазақ тілін үйрену кезеңінде бұл жағдайлардың бәрі ескеріледі. Сөйлеу жаттығуларында айтылатын ойдың мазмұнына, мағынасына көңіл бөлінеді. Сөйлеу жаттығулары қатарына пікірлесім жаттығуларының құрылымдық, сұрақ-жауап, үнқатым (репликовые), шартты әңгіме, тілдік жағдаят бойынша жаттығулар, тақырыптық, баспасөз конференциясы, сұхбат, лингвистикалық ойын түрлері жатады (Р.Шаханова. Техникалық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту. А., 2011).

Оқу үдерісінде мәтін сөйлеу әрекетіне үйретудің негізі болып табылады және сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеру бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Сонымен қатар мәтін тілдік және сөйлеу материалының көзі, тілдік бірліктерді

қалыптастыру құралы, өз сөзін құрудың негізі, ақпарат көзі ретінде пайдаланылатын жазбаша тілдік ақпараттың белгілі түрінің стандартты үлгісі болып табылады. Кәсіби бағытталған тілге үйретудегі мәтіндер жүйесі аутентивтік мәтіндер, оқу мәтіндері және проблемалық жағдаятқа құрылған жаттығулар жүйесіне негізделеді.

Біз осылардың ішінен тілдік жағдаят бойынша жаттығулар түріне тоқталамыз. Тілдік жағдаят (ситуация) ұғымы қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйрету әдістемесінде жекелеген еңбектерде көріне бастаса, орыс тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету әдістемесінде ХХ ғасырдың екінші жартысында кең қолданылған. Бұл әдіс тек қана қазақ тілін үйрену үшін ғана емес, техникалық жоғары оқу орындарында оқитын басқа ұлт өкілдеріне ғылым тілін қазақша түсіндіруде де атқаратын қызметі зор. Жұмыс түрі мамандыққа байланысты іріктелген мәтіндер негізінде жүзеге асырылады. Техникалық мәтіндерге байланысты жаттығулар жүйесін былай топтастыруға болады: 1) заттың (құбылыстың) жіктелімі; 2) заттың кластарға (топтарға) бөлінуі; 3) заттың құрамы мен құрылуы; 4) заттың кеңістіктегі орыны; 5) заттың (құбылыстың) сипаттамасы; 6) сапасы мен қызметінің түрленуі; 7) заттарды (құбылыс, үдеріс) салыстыру; 8) заттың қолданысы мен іске асырылуы; 9) үдерістерді сипаттау; 10) заттың пайда болу үдерісі; 11) қасиет, құбылыс, үдерістердің байланысы мен өзара байланысы; 12) себеп-салдарлық және мақсаттық қатынастар; 13) шарттылық және уақыттық қатынастар; 14) ақпараттық қарым-қатынас, т.б.

Осындай жүйемен берілген мәтіндердегі сөз құрылымдарын былайша көрсетуге болады: Не дегеніміз не? не не болып табылады? не қалай аталады? не қайда қолданылады? не қалай түрленеді? не неге қызмет етеді? не неге (қалай) бөлінеді? не неге жатады? не неден тұрады (құралады)? ненің құрамында не бар? не қайда орналасады? не неге тең? не неге айналады? не неден жылдам қозғалады? неге қарағанда не жеңіл? нені қайда қояды (құяды, салады, себеді, толтырады, араластырады)? не қалай ерекшеленеді? не неге негізделеді? не қалай өтеді? не немен байланысты? не қалай анықталады? не неге әкеліп соғады? не неге әсер етеді? ненің әсерінен не өзгереді?

Мәтіннен жоғарыда келтірілген сөз құрылымдарын табу кемінде 2-3-тен кездескен жағдайда іске асырылады.

Әр мәтінге жаттығулар ауызша немесе жазбаша түрде енгізіледі (мәтіндер, сұлбалар, кестелер, суреттер, т.б.) және екі бағыты болады: а) сөйлем құрастыру дағдысын жетілдіруге арналған жаттығулар; ә) өз ойын немесе заттың (құбылыстың) статикалық немесе динамикалық қалпын суреттеу, дәлелдеу арқылы кішігірім мәтін құрастыру дағдысын дамытуға арналған жаттығулар.

Техникалық оқу орындарында жүйелі жүргізілетін мұндай жағдаяттық жаттығулар студенттердің техникалық мәтіндерді тек ана тілінде ғана емес, мемлекеттік тілде де сауатты меңгеріп, сөздік қоры молайып, тілдік бірліктердің қолданысын кешенді түрде игеруге көмектесері сөзсіз.

АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бүгінгі ұлттық білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды сабақта қолдану – жаңа оқытудағы заман талабы. Осындай іргелі технологиялардың бірі – ақпараттық-коммуникативтік технология болып табылады. Қазақ тілі сабақтарында жиі қолданылатын мультимедиалық технология. Оны сабақта қолдану сабақтың құрылымын өзгертпейді, негізгі кезеңдер сақталады, тек уақыт сипаттамасы өзгереді. Ынталандыру кезеңінің ұзаратындығын атау қажет. Бұл – оқушының оқытуда білімін толықтыруға деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін көтерудегі қажетті шарты. Мультимедиалық тұсаукесер (презентация) жүйелі, аналитикалық ойлауды дамытады, сонымен қатар тұсаукесердің көмегімен танымдық қызметін ұйымдастырудың әр түрлі формаларын қолдануға болады: фронтальды, топпен, жеке. Мультимедиалық тұсаукесер сабақтың үш мақсатына сәйкес келеді.

Мультимедиялық тұсаукесер сабақтың дидактикалық мақсатына барынша қолайлы әрі тиімді болып сәйкеседі: **білімділік аспект:** оқу материалын оқушының саналы игеруі; **дамытушылық аспект:** оқушының танымдық,

қорыта білу, талдау, салыстыру, шығармашылық қабілетін белсендіру, дамыту; **тәрбиелік аспект:** ғылыми көзқарасын, өзіндік және топтық жұмысты ұйымдастыра білуге, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады.

Инновация мәселелерін өз еңбектерінің арқауы етіп жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастыра отырып, талдай келе бұл ұғымның белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» ретінде ұғынатын боламыз.

Сонымен қатар инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп тарату мәселесін қарастырады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру педагогикалық технологияны ендіруді талап етеді. Ал жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын мәселелер әлі де зерттеуді қажет етеді.

Жаңашылдық адамдардың кәсіптік қызметінің бәріне тән болғандықтан, ол зерттеу мен талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналған. Сонымен қатар жаңашылдық өздігінен пайда болмайды, сондықтан ол

ғылыми ізденістің тұтас ұжымның атқарған белсенді іс-әрекетінің нәтижесі ретінде көрінеді.

Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт аралығындағы жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деген тұжырымдама жасауға болады. Жаңа ұғым, яғни, бұрыннан келе жатқан белгілі сөздердің байланысы арқылы дамып, байырғы сөзге ұқсас жаңа сөздер жасалып отыратыны белгілі.

Инновация ұғымы көпшілік жағдайда техникалық өндіріске қатысты қолданылып келгенімен, кейінгі жылдары педагогикалық әдебиеттермен білім беру тәжірибесінде кеңінен көрініс тауып отыр.

Педагогикалық үдерісте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу деген ұғымды танытады. Жаңашылдық адамдардың кәсіптік қызметінің бәріне тән болғандықтан, ол зерттеу мен талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналған. Жаңашылдық өздігінен пайда болмайтындығын айтқан болатынбыз, сондықтан ол ғылыми ізденістің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның әрекетінің нәтижесі ретінде басқаруды қажет етеді.

Мультимедиа, бұл – қарқынды дамып келе жатқан, өзіне теледидарлық кескіндеудің және стереодыбыстық бейнелілігі мен нақтылығын дербес компьютердің интерактивтік (үздіксіз әрекеттесу) мүмкіндіктерімен біріктірген ақпараттық технология. Мультимедиа құралдары деп бірыңғай басқару элементі – компьютермен жалпы негізде өңделетін өзара байланысты

мәтіндік, графикалық, көру (визуалдық) және дыбыстық деректердің комбинациясын (үйлесуін) атайды. Мультимедиа құралдары белгілі бір жолмен ғана жүруге мәжбүр етпейді. Керісінше, дербес жолды таңдауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы құралдар деректерді өңдеу, телекоммуникация мен тұрмыстық электроника сияқты бір кездерде бір-бірінен алшақ болған салаларды біріктіруге мүмкіндік береді. Интерактивті өзара іс-әрекеттің жаңа деңгейі сұхбаттасу үдерісінде адамға компьютерлік техника дамуының бұдан бұрынғы кезеңдерімен салыстырғанда неғұрлым кең көлемді және жан-жақты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде бүкіл адамзаттың тұрмыс және еңбек жағдайларында шын мәніндегі революциялық қайта өзгерістерге жеткізіп отыр.

Оқытуда негізгі салмақ оқушының жаңа білімді қабылдауына, саналы игеруіне, ізденуіне жұмсалған. Мұндай әдістемені оқушы ауырып сабақ босатқанда немесе тапсырманы орындап үлгермеген жағдайда қолдану ыңғайлы. Бұл жағдайда оқушылар информатика кабинетіне сабақтан кейін келіп, аяқталмаған тапсырманы толық орындауына болады. Сондай-ақ сабақ уақытында өз тапсырмаларын орындап болғандар басқа оқушыларды тоспай, келесі бөлімге ауыса беруіне болады. Осылайша оқушының жеке жұмыс істеу тәртібіне байланысты барлығы жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Мультимедиалық қосымшалар осындай жұмыстарды ұйымдастыруға кемектеседі және бірнеше көмекші тақырыптарды өзіне кірістіре береді. Бұл жағдайда өз бетімен білім алуға, оқушының басқалардан ілгері озуына да болады. Тұсаукесер күрделі, салалы түрде болады. Тапсырмаларды дұрыс орындай отырып, келесі кезеңге өту қажет.

Сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданудың тиімді жақтары айтарлықтай көп. Атап айтсақ, АКТ қолдану қазақ тілі сабағының мазмұнын байытып, жаңа сабақты түсіндіру барысында, сабақты қорыту кезінде тиімді. Осылайша оқу үдерісінің тиімділігі артпақ.



П.НҰРАХУНОВА,
Петр Вихрев атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
«Шелек» ауылы.

БАСТАУЫШ СЫНЫП **ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ** **СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ** **КӨРНЕКІЛІГІ**

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде тіл дамыту жұмыстары негізінен көрнекілік әдісі, сөзбен жеткізу әдісі, практикалық әдістері, ойын элементтері арқылы өткізіледі. Бұлай болатын себебі – тіл дамыту бағдарламасы оқу, ойын, еңбек ету арқылы күнделікті

тұрмыста іске асады. Тіл үйренуде оқушылар алдымен дыбыстарды анық айтып үйренеді. Сонан кейін сөз тіркесі, сөйлемдерді оқи отырып, байланыстырып сөйлеуге, мәнерлеп оқуға дағдыланады.

Сабақтарымда мен мынадай көрнекіліктерді пайдаланамын: грамматикалық тірек кестелері, тақырыптық және үлестірмелі кәртішкелер, портреттер, түрлі суреттер, карта, фотомонтаж, кітапшалар, интерактивті тақтамен жұмыс, т.б. Сабақта тақырыпты терең меңгеруге өз орынында ұтымды пайдаланылған көрнекілік те ерекше қызмет атқарады.

Сондықтан көрнекі құралдар түрін тиімді қолдануда әрқашан мына талаптарды басшылыққа аламын: көрнекі құралдың мазмұнының ғылымилығы, оқу бағдарламасына, оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, жалпы көрінісінің әсемдік талғамы, пайдалануға ыңғайлылығы, жақсы көрінуі.

Бұл көрнекіліктерді түрлі-түсті қағаздан ойып, қиып жапсыру тәсілімен де жасап алуға болады. Мазмұнды ойындарға арналған материалдан да көрнекіліктер құрастырылады.

Жеке заттың жалпы атын үйретуге сюжетті ойын картиналарды қолдандым: «Малдар», «Құстар», «Аңдар», «Жемістер», «Көкөністер», «Ыдыстар», «Ойыншықтар», т.б. Әр түрлі мамандыққа байланысты салынған көлемді суреттермен жұмыс үстінде балаларды ойлауға баулып, сөйлеуге үйрететін «Кім не істейді?», «Кімге не керек?» деген қосымша сұрақтар қойып, жауап алдым: хаг тасушы, аспаз, суретші, т.б.

Ұйымдасқан түрде әңгіме құрауға «Жазғы демалыста», «Көктем», «Менің отбасым», «Киімдер», «Достар», т.б.

сияқты мазмұнды суреттерді қолдандым. Алдымен балалардан сұрақ арқылы жауап алып, соңынан суреттің мазмұнын айтқыздым, кейін сол суреттерді мазмұндама жаздыруға да қолдандым.

Сөзжұмбақтарды кіші сыныптарда сөздік жұмысына пайдаланып, оқушылар өскен сайын жұмыс түрін күрделендіруге болады. Мәселен, бірінші сыныпта бірнеше сөзден тұратын кісі, жер, су, қала атауларының аттарын тауып үйренсе, ал үшінші, төртінші сыныптарда біріккен сөздерді үйретуге, пайдалануға болады / Алматы, Айгүл, Екібастұз, Ботагөз, түйеқұс, т.б./ . Жеке әріптерден тақтаға сөз құрап жазуға сигналды әріптерді пайдаландым. Сигналды дыбыстар сөздің дыбыстық, буындық құрамын есте ұзақ сақтауға көмегін тигізуде.

Бастауыш сыныптарда балаларға жалпы өмірде, күнделікті тұрмыста кездесетін жайларды дұрыс танытып, ой-өрісін кеңейтіп, сабақты сапалы игеруге және түсінгенін айтып беруге үйретуде сабақ тақырыбына лайықты қолданылатын көрнекі құралдың, үлестірмелі кәртішкелердің, дидактикалық материалдардың маңызы зор.

Көрнекі құралды пайдалану арқылы балалар алдымен сөз, содан кейін сөйлем ойлап, ойын жүйелі тұтас айта білуге төселеді. Әр балаға жеке-жеке үлестіріліп берілетін кәртішкелер сөздік жұмысын игертуге, сөйлем ойлатуға мақсатталған.

Сөз ойлатуға жеке дыбыс әріптері мен кеспе буындарын да пайдалануға болады. Қазақ тіліндегі тақырыптарды қамтитын жаттығу жұмысына арналған кәртішкелерді балалардың тапсырманы өз бетінше орындауына пайдаландым. Көрнекіліктердің бұл

түрімен жұмыс барысында оқушының тақырыпты қалай меңгергенін есепке алуға болады.

Үшінші сыныпта дауысты дыбыстардың айтылуы мен жазылуын, дауыссыздардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінуіне дыбыс әріптерін әр түрлі түске бояп, баланың есінде ұзақ сақталуын қарастырдым. Мәселен, дауыссыз дыбыс әріптерін қызыл, қатаң дауыссыздарды көк түспен жазып пайдаландым.

Бастауыш сынып оқушыларын жазуға жаттықтыруда, әріптерді сызықтан шығармай, оңға қарай еңкейтіп жазу ережесін сақтау мақсатымен үлкейтілген үлгі көртішкесінің пайдасы көп. Кіші жастағы балалардың саусақ, бұлшық еттері әлсіз болғандықтан, жазулары әлсін-әлсін бұзылып, әріп элементтерін дұрыс сала алмай қиналды. Міне, осындай кездерде балалар осы үлгі көртішкелерге қарап жазып, жазуларын түзетуге мүмкіндік алады.

Сабақ кезіндегі сергітуге арналған ойындардың кейіпкерлері – «Дымбілмес», «Бауырсақ», «Алдар көсе», тағы басқалар – оқушылардың оқу еңбектерін жеңілдетіп, күшін жинауға, сөйтіп әрі қарай ой еңбегін жалғастыруға көмектеседі. Сонымен сабақта тақырыпқа байланыстыра пайдаланылған көрнекіліктен ұтарымыз көп.

Бастауыш сыныптарда тіл дамыту деген – оқушылардың сөз байлығын молайту, дұрыс сөйлеуге үйрету. Мұны мен шамам жеткенше әр сабақта әрбір тақырыппен аралас жүргіземін. Тіл дамыту жұмысының нәтижесінде оқушылардың сөз байлығы молайып, олар тілдің фонетикалық жүйесін меңгереді. Оқушылар бастауыш сыныптардан-ақ сөйлеу мәдениетін игере

бастайды. Сөздерді дұрыс айту, жаза білу – тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі. Өйткені, шын мәнісінде, сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей бола бермейді. Мен оқушыларымды өз ойын толық баяндай білуге үйретемін, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастырамын.

Сөздік жұмысы да, көрнекіліктермен жұмыстары да оқушыларды байланыстырып сөйлеуге даярлайды. Тиісті затты көзбен көру, қолмен ұстау немесе суретін көрсету арқылы жүргізілетін сабақ есте жақсы сақталады. Тіл дамыту және сөйлеу әрекеті – орыс мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің негізгі нысандарының бірі. Оқу барысында оқушының тілін дамыту қарқынды сипат алады. Тіл дамыту ұғымы, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан алғанда, мұғалім мен оқушылардың тілді меңгеруге бағытталған арнайы оқу әрекеті болып табылады.

Сабақ үстінде оқушылардың тілін ұстартуда сабақты құрғақ сөзбен түсіндіргеннен гөрі, көрнекі құралды пайдаланып түсіндірген тиімдірек екенін өз тәжірибемнен жақсы білемін. Сабақты көрнекі құралдар арқылы түсіндіргенде оқушыларымның тоқсан бір пайызы ұқса, ал тек құрғақ сөзбен түсіндіргенде жиырма төрт пайызы ғана ұққан. Осыған орай, орыс мектебінде қазақ тілінің әрбір сабағын көрнекі құралдарды пайдалана отырып өткізгенді жөн көрдім. Олардың түрі, көлемі, аз-көптігі сабақ тақырыптарына қарай бөлінеді. Кейде оқулықтың өзіндегі материалдарды үлкейтіп пайдалануға да болады.

Көрнекі құралдармен өткен сабақтың тиімділігі:

а) материалдарды түсіндіруде мұғалім көп қиналмайды;

ә) оқушылар жана сабақты, материалды оңай қабылдап, тез меңгереді;

б) сабақты түсіндіру арқылы оқушылардың ынтасы артады;

в) тіл ұстарту жұмысы еркін жүргізіледі;

г) сыныпта басы артық шу, әңгіме болмайды.

Балалардың сөздік қорын байытып, тілін дамытудағы тиімді жолдардың бірі – суретпен жұмыс. Бұл туралы ұлы педагог К.Д.Ушинский былай дейді: «Егер де балаға сөз үйретуге қиналатын болсаңыз, сыныпқа кірерде, мазмұны жағынан балаларды сөйлеуге ынталандырардай бірнеше сурет ала кіріңіз. Олар сіздің суретіңізді көрісімен, өздері де сөйлеп қоя береді. Сонда сіз өзіңіздің үйрететін сөздеріңізді олардың қиыншылықсыз үйренгенін білмей де қаласыз.»

д) сурет арқылы жаңа сөздің мағынасын түсіндіруге болады.

Мысалы, төменгі сыныпта жаңа заттың атын білдіретін сөздер көбіне оның суретін көрсету арқылы меңгертіледі.

е) сурет арқылы екі-үш сөзден сөйлем құрай алады;

ж) оқиғаға құрылған сурет бойынша оқушыға заттың атын, түсін ататқыза отырып, қимылына, көрген-байқағандарына байланысты сөйлем құрғызып, әңгіме айтқызуына болады;

з) мәтін мазмұнына байланысты берілген суреттер мәтінде баяндалған оқиғаны көзге елестету арқылы оның мазмұнын түсіндіруге мүмкіндік жасайды.

Оқиғаға құрылған сурет бойынша әңгімені мен мына түрдегі жоспармен жүргіземін:

а) таныс емес заттың түсін, қимылын, тағы басқа әрекетін білдіретін сөздер болса, оқушылардың түсіндірме сөздіктеріне жазғызамын;

ә) суреттің мазмұнын ашатын жетекші сұрақтар беріп, жауап алу.

Қатесі болса, оқушыларды қатыстыра отырып, сурет бойынша әңгіме жүргізгенде, бала одан көргені, байқағаны бойынша еркін әңгіме құра алады, өз жанынан сөз қоса алады.

Мұндай суреттер арқылы әңгіме құрғызып, жаттықтыру жұмысын жүргізу балалардың байқағыштығын, логикалық ойын, сөйлеу тілін жетілдіре түседі. Сонымен сабақта сурет көрнекілігін пайдалану жеке сөздерді танудан бастап сөйлем құрауға / жеке суреттерден/, жүйелі сөйлеуге / оқиғаға құрылған суреттер арқылы / баулуға мүмкіндік туғызатын ең ұтымды жол болып есептеледі.

Қойылған мақсатқа жетуде оқыту үдерісін оңтайландырудың маңызы зор, өйткені, ол сабақтың білімділік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін кешенді жүзеге асыруды көздейді. Оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігі, сөз жоқ, олардың орындайтын жұмысқа ынтасына байланысты. Ол үшін әр сабақты көркем жасалған көрнекілікпен және дидактикалық қызғылықты мысалдармен қамтамасыз ету керек деп есептеймін.

Қарашаш КЕРЕЙБАЕВА,
Павлодар қаласындағы
№24 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Оқушылардың білімге қызығушылығын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Қазақ тілі мұғалімдерінің міндеті – мәдениетті түрде, біліммен, іскерлікпен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру, осы мақсатқа жететіндей тиімді жол іздеу, инновациялық технологияларды қолдану. Мектептің оқыту үрдісіне енгізіліп жүрген технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану балалардың тілін дамытып, тілді меңгеруіне мүмкіндік береді. Жаңаша оқытудың ерекшеліктері сол – нені білетінін, нені меңгергенін, нені меңгермегенін білуге болады. Соның нәтижесінде оларда намыс пайда болып, қасындағы оқушыдан қалып қалмау үшін сабаққа дайындалу ынтасы арта түседі.

Инновациялық технологиялардың бірі – «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы.

Бұл технологияның басты мақсаты:

Оқушылардың кез келген түсінік, не мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, өз пікірін таңдауға, сапалы шешім қабылдауға үйрету болып табылады.

Мақсатқа жетудегі міндеттер:

- Оқушылардың теориялық білімдерін тыңдау;
 - Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытатын тұлға қалыптастыру;
 - Қарым-қатынасқа түсе алатын тұлға қалыптастыру;
 - Шығармашылық ой қабілеттерін дамыту;
- «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша өткізілген сабақтар үрдісіндегі өзгерістер және нәтижесі.

Мұғалімнің іс-әрекеті:

1. Топқа бөліп, ой қозғайды.
2. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.
3. Шығармадағы ең құнды мәселелерді анықтау ұсынылады, зерттеледі.
4. Образдылық ерекшелігін тануға бағыттайды, орынына өздерін қойып қарайды, салыстырады.

5. Ойларын жазуды ұсынады.

6. Қорытынды жасауға бағыттайды.

Оқушының іс-әрекеті:

1. Топтарда жұмыс жасайды.
2. Мәтінмен өздері танысады.
3. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманы саралайды.
4. Жеке кейіпкерлерді талдайды, олардың іс-әрекетін зерттейді.
5. Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді.
6. Тұжырымдама жасайды.

Академик Лернер бойынша, білім мәліметтер мен деректер, икемділіктер мен дағдылар, шығармашылық іс-әрекеттер, көңіл-күй құндылықтары бағдарларынан тұрады. Осыны ескерсек, сын тұрғысынан ойлау сабақтарында осы аталған бағдарлардың іске асып, нәтижесін беретіндігіне күмән болмайды. Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы негізінде құрып оқыту, яғни, сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибемен енгізу нәтижесі жеткіншектер бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатты:

- Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді;
- Жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқитын оқушы) қабылдауға үйренеді;
- Ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді /мағынаны тану кезеңінде/;
- Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды;
- Өздеріне пайдалана алады;
- Өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі, яғни, «Мен» деген сөзді ұғады.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуда шығарма жазуды үйретудің стратегияларын тәжірибемен сабақтастыру тәсілінің өзіндік үлгілері бар.

Сыни тұрғыдан ойлау – сынау емес, шыңдалған, бірін-

бірі толықтырған ойлау деуге де болады. Бұл бағдарлама үш кезеңнен тұрады:

I кезең – Оқушылардың қызығушылықтарын ояту.

Бұл оқушының білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Бұл кезең оқушыға ой қозғау, ояту арқылы әсер етеді. Осы кезеңде «Ой-толғаныс», «Топтау», «Блум таксономиясы», «Түртіп алу», «Жұпта талқылау» секілді әдістер қолданылады. Қызықтыру сатысында «Ой қозғау», «Миға шабуыл», «Топтастыру», «Кубизм» және «Еркін жазу» және т.б. әдістерін қолданамын.

II кезең – Мағынаны ашу. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады да, тақырып бойынша жұмыс істейді, түрлі тапсырмалар орындайды.

Оқушы тек белгілі мәліметті қабылдаушы емес, сонымен терең ой иесі, тұлға. Ол сын тұрғысынан ойланып, өз ойын дәлелдей білуі керек. Оқушыларға еркін ойлауға, өз ойын дәлелдеуге мүмкіндік береді. «Т-кестесі», «Түртіп алу», «Еркін жазу», «Семантикалық кесте», «ЖИГСО – 2», «Аквариум» және т.б. стратегияларды қолдануға болады.

III кезең – Ой-толғаныс. Рефлексия. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру. Білім арқылы тәрбиелілікке, даналыққа бастау алады. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады. Ой-толғаныс – сабақты қорытындылау кезеңі. Үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін үйренеді. Бұл кезеңде қолданатын стратегиялар: «Топтастыру», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Бесжолды өлең», «Авторлық таққа отыру», «Эссе жазу», т.б.

«**Миға шабуыл**» стратегиясы. Бұл – ұжымдық талдау,

мәселенің шешімін іздеуде қолданатын тиімді әдіс. Қандай да бір мәселені әр мүшенің пікірін еркін тындау арқылы шешу. Бұл әдіс – жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды әдістердің бірі. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса, оқушының стандарты емес, шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Миға шабуыл стратегиясының қағидасы қиын емес. Мұғалім топ құрайды да, қандай да бір мәселенің шешімін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс-тәжірибеден байқағанда, бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер, яғни, шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы: ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды. Жұмыс пікірдің сапасына емес, санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады). Барлық шешім «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы. Белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

«INSERT» немесе «Түртіп алу» стратегиясы. Қолдарына қарындаш алып, «V»- білемін, «+» -білмеймін, «-» – мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таңқалдырды деген белгілерді қойып отырып, мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс – оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады.

V	+	-	?

«Кубизм» стратегиясы – ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандай да бір затты жан-жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды. Жаңа білім қосады.

Сипатта (түрі, түсі, көлемі).

Салыстыр (ұқсастығы, айырмашылығы).

Ұсын (қалай, қай жерде пайдаланылады?).

Дәлелде (қарсы және қарсы емеспін).

Талда (қалай жасалған, неден тұрады?).

Ойтолғау (Бұл неден жасалған?).

Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды. 1, 2-сыныптарда үш жағын ғана пайдаланады. Бастауыш сыныптарда түрлі-түсті түрде пайдалануға болады.

«Sinkuein» немесе «Бесжолды өлең» стратегиясы - оқушы берілген тапсырма, мәтін бойынша өлең құрастырады. Бесжолды өлеңді құрудың ережесі мынадай: бірінші жолда 1 зат есім, екінші жолда 2 сын есім, үшінші жолда 3 етістік, төртінші жолда 4 сөзден тұратын сөйлем, бесінші жолда тақырыпқа байланысты 1 синоним жазылады.

Кім? Ана.

Қандай? Мейірімді, ақылды.

Не істейді? Бағады, тәрбиелейді, өсіреді.

Түйін: Ағайын – алтау, ана – біреу.

Синоним – Адам.

«Венн диаграммасы» стратегиясы. Бұл стратегияның мақсаты: салыстыру, пайымдау. Екі зат немесе мезгілдің (объектінің) айырмашылығы мен ұқсастығы жазылады. Бір-біріне айқасқан екі немесе үш шеңбер (тек шеңбер ғана болу керек деген – қате түсінік). Екі жағынан да

салыстырылады, ал айқасқан жеріне ортақ қасиеті жазылады. Оқушылардың ойлары аршылып, салыстыру сияқты күрделі операция жүзеге асады.

«Т-кестесі» стратегиясы. Мақсаты: қарама-қарсы нәрселерді, сөздерді тере білу. Бұл жұмыста салыстыру, салыстыра отырып топтастыру сияқты үдерістер жүзеге асады. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Т – кестесін тақырыпты ашарда пайдаланса, жаңа материалдарды түсінуге дайындық болады. Бұл стратегия жұпта, топта, жеке де орындала береді. Іс-тәжірибеде үй тапсырмасына да беріліп жүр. Кіші, жас оқушыларына кескін, сурет түрінде орындауға болады.

«БББ» немесе «маркировка» стратегиясы - «БББ»-«білемін, білдім, білгім келеді» деген сөздерден алынған. Бұл кестеде үш бөлік тұрады. Әр бөлікті, мәтінді не тақырыпты оқып отырып толтырады. Негізгі қойылатын талап – оқушылардағы ойлар, тезистер, фактілер дәл сол күйінде көшірілмейді, өз ойымен жазылады. Бұл әдіс мұғалімге әр оқушыны бақылауға, оған сабақ соңында баға қоюға мүмкіндік береді. Мүмкін болса, кесте сабақ үстінде толтырылады. Ал үлгермеген жағдайда әр бөлікке бір-екі ой жазылу керек. Толықтыруға үйге беруге болады.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

«Эссе жазу» стратегиясы. Тақырыпқа сай оқушы өз ойын қорыта және жинақтай отырып, ой-толғанысын жазады. Оқушы өз бетімен жеке жұмыс жүргізеді. Эссені 5-10 минут ішінде тоқтамай жазады. Мұғалім де отырып

жазуына болады. Оқушы өз ойын еркін жеткізе білетін деңгейге көтеріледі.

Стратегиялар ауыр-жеңілдігіне қарай қолданылады.

Сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамиды. Өмірде кездесетін жағдайларға, оқиғаларға саналы, ойлы қарауға үйренеді.

«ЖИГСО» стратегиясы – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта, содан кейін ұжымда талқылау. Қолданылуы: Алдымен сынып 4 топқа бөлініп отырады. Бұл жұмыс немесе бастапқы топтар деп аталады. Мәтін немесе тапсырма 4 бөлікке бөлініп дайындалады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді эксперт немесе отбасы топтарын құрады, яғни, эксперт топтар басқа топ құрады, мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды.

Төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін – бірлер, 2-бөлігін – екілер, 3-бөлігін – үшіншілер, 4,5-бөліктерін – төртінші, бесінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Бастамас бұрын бастапқы топтардағы мәтінді мұқият меңгеру қажет, себебі отбасы топтарға түсіндіруге жауапты екенін түсінуі керек. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлануға үйренеді.

Мұғалім – осы әрекетте ұйымдастырушы, бағыттаушы.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының стратегияларын сабақта қолдану барысында көрсететін нәтиже:

- оқушының оқуға қызығуы артады;
 - іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады;
 - «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды» дамытуға негізделген сабақ оқушының ой-өрісін дамытып, жан-жақты, терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектесе, бірде басқаның көмегін өзі алады;
 - Оқушы білімді өз ізденісімен, өз біліктілігімен алады;
 - Іскерлік дағдылары қалыптасады;
 - Әрбір технология жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді;
 - Осы әдіс-тәсілдерді мұғалім іздену арқылы іріктеп қолданады;
 - Тиімді, пайдалы жерлерін жетілдіре түседі.
 - Қызықты сабақ болса, оқушының сол пәнге қызығушылығы артып қоймай, мұғалім жаналығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады. Стратегиялары көп әрі қолдануға ыңғайлы, жеңіл, тиімді. Іс-тәжірибе көрсеткендей, СТО технологиясын қолданып жүрген сынып оқушыларының даму деңгейі жоғары болады, өзін ортада еркін ұстайды, жеке тұлға ретінде сезінеді. Өзіндік «Мені» дамиды. Оқушының ойлау қабілеті дамыған сайын оның бойында төрт параметр көрсеткіші өседі. Жекеден – жалпыға.
- Дифференциалдықтан – сенімділікке. Интуициядан – логикаға.
- Бір жетістіктен көп жетістікке қарай дамиды.

Замира РАХИЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Есіл ауданындағы
Т.С.Позолотин атындағы
№1 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІНЕ ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының байырғы тұрғындары – қазақтардың ұлттық, мемлекеттік, әдеби тілі. Қазақ тілі – аса бай, таза, образды тіл. Сондықтан педагогикалық-технологиялық базаны меңгерген оқытушы іс жүзінде оқу үдерісін дайындау, ұйымдастыру кезеңдерінде басшылыққа ең тиімді деген әдістемелер мен тәсілдерді алады. Қазақ тілін оқытудың мақсаты – қазақ тілін қатысымдық тұрғыда меңгерту, оқушыны өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету; тілдік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

Оқу пәнінің міндеттері:

- оқушының сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;

- оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;

- қарым-қатынас әдебінің нормаларын меңгерту;

- күнделікті өмір жағдаяттарында қазақ тілін орынды қолдана білуге дағдыландыру;

- оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу;

- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік дағдыларын жетілдіру;

- оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын дамыту, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Тұлғаның қалыптасу сапасына деген талаптар өсе береді де, педагогикалық технологиялар да жаңарып, өзгеріп отырады. Маған ұнайтын әрі қолайлы технологиялардың бірі – проблемалық оқыту технологиясы. Себебі, бұл технология – оқушының ақыл-ой әрекетін, психикасын дамыта оқыту технологиясы. Проблемалық оқыту мұғалімнің басшылығымен проблемалық жағдаяттар ұйымдастыруды, оны шешуде оқушылардың өз бетінше белсенді жұмысын қамтамасыз етуді көздейді. Мысалы: 8-сынып оқулығында «Ішкен-жегенің де маңызды» деген мәтін бар.

Осы тақырыпты өткенде, мен оқушыларыма мәтінде тек тағам жайлы, оларды қалай, қай кезде ішкен-жеген жөн туралы екенін айтпай, жағдаят туғызып: «Саламатты өмір сүру» дегенді түсіндір, «Ұзақ өмір сүру үшін не істер едің?» деген сияқты жағдаятпен сөйлетемін. Бұл балалардың тек ой-өрісін дамытып қоймай, сөздік қорын молайтады, сабақта ойланып, тырысып еңбек етеді және де жақсы әдеттермен айналысуға оқушыға ой салады. Ұзақ өмір сүрудің ең дұрыс жолдарын өздері тауып, есте сақтайды.

Тұлғаны әрекетке итермелейтін, тартатын күш – себеп (мотив). Себеп «белгілі бір нәрсені үйренсем, білсем, істесем» деген сезімнен туады. Қазақ тілі сабағында өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді жақсы білу мәдениеттілікке жататынына көздерін жеткізе отырып, өзінің іс-әрекеті арқылы жоғары белсенділігінің арқасында нәтижеге жететінін дәлелдеп отыру деген сөз. Мысал ретінде қазақ әдебиеті сабақтарында Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» өлеңімен танысқаннан кейін «Бұл қай заман?» деген сұраққа ақын қалай жауап бергенін нақты түсіндірген оқушы және де «Зар заманның белгілерін» өлеңінен тапқан, өз сөзімен әңгімелеп берсе, сол оқушы бүгін «белсенді» болады деп тапсырма беремін. Әрине, белсенді оқушының «бес» деген баға алатыны сабақта белгілі. Дей тұрғанмен, тіл үйретуде тиімділік пен нәтижеге жету көрсеткіші болып саналатын жұмыс түрі, ол – диалог (сөйлесу). Диалогтік

қарым-қатынас ілікпе сөзден (репликалардан) тұрады, олар қарым-қатынас жағдайында бір-бірінен туындап отырады. Диалогтар қызметіне қарай бірнеше типке бөлінеді: өз еркін білдіретін диалог, пікір алысатын диалог, сұрау диалогі, пікірталас диалогі, әдептілік-ресімдік диалог.

Мен диалогты мынандай көрсеткіштерге байланысты бағалаймын, ілікпе сөз (реплика) санына, түрлі рөлдерде айта алуына, қарым-қатынастық мақсаттарды орындай білуіне (сендіру, келісу, келіспеу), грамматикалық, лексикалық жағынан дұрыстығына көңіл аударатырып бағалаймын. Оқушының сабақта қол жеткізген нәтижесін бірлесе, ашық бағалаймыз. Бұл жұмыс түрі сараптық нәтижелікті көрсетеді.

Диалог құруға үйретудің тағы бір сатысы, өнімді (продуктивті) сатысы да болады. Мәтінді 2 рет тыңдағаннан кейін оқушылар бір-біріне сұрақ қояды, сол сұрақтарға жауап алады да, диалог құрастырады.

– Бір күні кім келе жатты?

.....

– Ол кімдерге кездесті?

.....

– Бірінші баладан не сұрады?

.....

– Екінші баланың жауабы қандай болды?

.....

Бұл жұмыста оқушылардың субъектілік қатысы артады. Олар субъект сипатында бір-біріне сұрақ қоюға, оған жауап құруға үйренеді, сабақ тартымды өтеді.

Жанаркүл ЖАНБЫРШЫҚЫЗЫ,

Д.А. Қонаев атындағы мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

Жамбыл облысы,

Қордай ауданы,

Қордай ауылы.

ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бастауыш сынып оқушысы – балалықпен толық қоштаспаған, мектепте жаңа бейімделе бастаған ойын баласы. Сондықтан оқу орыс және өзге тілде жүргізілетін бастауыш сынып оқушысының жас ерекшеліктеріне сай сабақты ойын түрінде өткізу қазақ тілі сабақтарында жақсы нәтиже береді. Ойын арқылы баланың сана-сезімі, ақыл-ойы өседі, қарым-қатынас жасауына мәжбүрлік туады, үлкендерге еліктеу және өмірге деген қызығушылығы қалыптасады.

Ойынның басты мақсаты – баланы қызықтыра отырып, білім алуға үйрету. Ойын барысында баланың көптеген танымдық қабілеттері дамиды. Солардың бастысы – есте сақтау қабілеті. Есте сақтау ойынның басты шартына айналса, оқушы сөзді, суретті, мәтінді әрі қимыл-

әрекеттерді тез түсіне алады және есте сақтауды саналы түрде меңгереді.

Ойындардың қажеттісін сабақтың тақырыбына қарай қолдана білу ұстаз шеберлігіне байланысты. Бастауыш сыныптарда сөздік ойындарының алатын орыны ерекше. Сондықтан әр сабақта сөздік ойындарын қолдануға болады.

Ойындар – белгілі бір білімді, іс-әрекетті үйренудің құралы. Ойын сабақ үрдісінде оқушыларды әлеуметтендіруге, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау түрткілері мен заңдылықтарын түсінуге жәрдемдеседі.

Дидактикалық ойындар сабақты қызықты өтуге, жана материалды оңай игеруге септігін тигізеді. Сабақта дұрыс ұйымдастырылып, тиімді қолданылған ойындар оқушылардың тіл заңдылықтарын сапалы меңгеруіне ғана емес, сондай-ақ тілдік қатынасқа түсу біліктеріне, олардың сөздік қорларының молаюына әсер етеді. Бұл туралы ғалымдар Н.Оралбаева мен К.Жақсылықова: «Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілі сабағында бірыңғай жаттығу жұмыстары оқушыларды жалықтырады. Сондықтан сабақта сергіту жаттығуларымен қатар тақырыпты меңгерту, өткенді пысықтау мақсатында грамматикалық ойын түрлерін кең қолдану керек. Оқушы тілінің даму дәрежесі де осы ойын арқылы көрінеді», - деп, ойындар арқылы оқушылардың пікірлесім, сөйлесім дағдыларын жетілдіруге болатынын атап көрсетеді.

Ғалымдар сабақ барысында ойынды қолдану шарттарына мыналарды жатқызады:

- ойын оқушылардың алдына тапсырма ретінде

қойылады;

- оқушылардың оқу әрекеті ойын ережесіне бағынады;
- оқу материалы ойын құралы ретінде қолданылады;
- оқу әрекетіне ойын жұмыс элементтері ретінде кіреді;
- ойын нәтижесі бірден шығарылып отырады.

Бұларға қоса мына мәселелерді назарда ұстауды қажет деп санайды:

1. Ойынның басты мақсаты, оқушылар сабақта қандай іскерлік пен дағдыны игереді, ойынның қандай тәжірибелік мақсаты көзделеді?;
2. Ойынға қатысушылар саны;
3. Ойында қолданылатын материалдар мен әдебиеттер;
4. Уақытты үнемдей отырып, ойын шартын қалай түсіндіруге болады?;
5. Ойын қанша уақытқа созылады?;
6. Оқушылардың ойынға қатысу белсенділігін қалай бақылауға болады?

Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат – ойын әрекеттері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесім әрекетіне жеткізу. Бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне орай, тапсырмаларымен қатар, оның бойында жауапкершілік, міндеттілік сезімдерін оятуға да назар аударылуы қажет.

Сонымен бірге ғалымдар «Сабақта орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерлікті шыңдауға өз септігін тигізеді» дейді. Тіл үйренуде бұл ойындарды әр сабақта тиімді қолдану жақсы нәтижеге жеткізуі сөзсіз.

Ғалым Қ.Молдабектің басшылығымен жарық көрген «Бастауыш мектепте дидактикалық ойындарды пайдалану жолдары» атты әдістемелік құралда ойындарды тілдік материалдарды ұғындыру тұрғысынан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деп бөлген. Бұл еңбекте басты назар оқыту үрдісінде оқушылардың ойлау қабілетін, таным, шығармашылық дербестігін мақсатты түрде дамытатын педагогикалық құрал ретінде қолданылатын ойындар арқылы оқушылардың белсенділігі, іс-әрекеті артатынына аударылады. Мұнсыз бала білімінің жетілуі мүмкін емес. Оқушыларға сапалы білім беру мақсатында, олардың оқуға деген қызығушылығы мен түрткілерін арттыруда рөлдік ойындарды да дұрыс іріктеп қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Себебі, бастауыш сынып оқушылары, көбінде, ойын әрекетіне бейім келеді. Балалардың ойын әрекеттерін оқу әрекеттеріне қарай ұластыруда дидактикалық ойындардың қызметі ерекше.

Қорыта айтар болсам, оқушыларды әр түрлі тапсырмаларды үлкен жауапкершілікпен орындауға ынталандыратын, тілдік қарым-қатынасқа жетелейтін тиімді әдістердің бірегейі және бастысы – ойын әдісі деуге болады.

Менің бүгінгі өтетін сабағымның тақырыбы: Күз (3-сынып).

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – «Күз» модулі бойынша алған білімдерін сараптап, жаңадан меңгерген тірек-сөздерді сөйлемдерде дұрыс пайдалана білулерін байқау. Жүйелі түрде өз пікірлерін айта білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – грамматикалық тапсырмаларды дұрыс, сауатты орындау және оқушылардың қисынды ойлау

қабілетіне сай тапсырмалар беріп, орындата отырып, сөздерді байланыстырып сөйлеуді дамыту; **тәрбиелік** – ұлттық салт-дәстүрлерді қадірлей білуге, адамгершілікке, сөйлеу мәдениетін дамытуға тәрбиелей отырып, мемлекеттік тілде еркін сөйлеуге баулу.

Түрі: саяхат арқылы білімді бекіту, ойын сабағы.
Әдіс-тәсілдер: СТО дамыту технологиясы, іздену.
Көрнекіліктері: интерактивті такта, электрондық оқулық /тест, суреттер/.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Сәлемдесу.

ә) **Ой шақыру.**

Мұғалім жұмбақ айтып, шешуін балалардан сұрайды.

Қызыл, жасыл, сары, көк,

Алуан-алуан жапырақ.

Осы күні киіпті,

Сары жібек көйлегін.

Бұл қай кезде болады? / Күз/.

Қызығушылығын ояту.

Сабақтың 1-кезеңі «Сын-тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы бойынша өтеді. Бұл үйрену үрдісі, оқушының бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Сондықтан да сабақ қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады.

Осы мезгілде есік қағып, сымбатты да сұлу күз қонаққа келеді де, былай дейді:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен сендердің мектептеріңе қонаққа келдім, мені кім деп ойлайсыңдар?

- Күз.
- Жарайсыңдар, енді мен сендермен сұхбат жүргіземін.

- Жаздан кейін қандай жыл мезгілі келеді?
- Күз айлары қандай?
- Күз айларының ауа райы қандай?
- Олардың ерекшеліктері қандай?
- Яғни, күздің неше кезеңі бар екен?
- Жарайсыңдар, балалар, барлық сұраққа жақсы жауап бердіңдер, қалған тапсырмаларымың бәрі – ақылды тактада, енді сол тапсырмаларды бірге орындайық.

Сынып екі топқа бөлінеді.

Қызығушылықты ояту сатысы бойынша күз туралы не білетіндерін сұрадым. Мұнда оқушылар ол жыл мезгілдерінің бірі екенін түсіндірді, ерекшеліктерін айта отырып, ойларымен бөлісті.

Кіріспе сөз.

- Балалар, бүгінгі сабақ өзгеше өтпекші. Біз күз айларына саяхатқа шығамыз. Саяхатта күз айларының дайындап қойған тапсырмаларын орындаймыз. Тапсырмаларды жақсы орындасақ, күз бізге берекелі сыйынан береді, көңіл-күйіміз көтеріледі.

1. Қыркүйек айының тапсырмалары.

Сөздікпен жұмыс:

- Ойлану мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның 2-кезеңі – «Мағынаны тану».

Әлем мемлекеттерінде сөздікпен жұмысты сурет арқылы танытады.

Жапырақтар сарғаяды –

Молшылық –

Қысқа дайындалады –
Егін –
Берекелі –
Төртінші артықты тап.
Әдемі, қызыл, берекелі, қысқы.
Сыйлық, молшылық, күнделік, сөздік.
«Полиглот» ойыны. Сөздерден сөз құрастыру.
Берекелі /бер, кел, ел, ер, ек, екі, кер, іл, келі, елер, бек /.
Молшылық /мол, шық, қыл, ол, шок, қош, ық, лық/.

Суреттер сөйлейді: сурет бойынша құрамына сан есімдерді қосып мәтіндер құрастыру.

Қыркүйек айында көптеген (болжалдық) жеміс-жидектер, көкөністер піседі. Бақта алма, шие, алхоры, алмұрт ағаштары өседі. Біз алманы екеуден (жинақтық) жедік. Ол алмұртты үш-үштен (топтау) әкелді. Он шақты(болж.) ағаштан жиырма (есептік) жәшік алма жинап алдық. Диқаншылар егістікте бидай өнімдерін жинайды. Комбайыншылар гектарынан жиырма центнерден бидай орды. Адамдар қысқа дайындықтарын жасайды.

Мен биыл үшінші сыныпта оқимын.

Бағдарламаның 3-кезеңі – «Ой-толғаныс». Осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, ой елегінен өткізеді.

Ойтолғау.

«Күздің бір күні қыстың бір айын асырайды». Осы мақалды қалай түсінесіңдер?

Диалог бойынша өзара сөйлесу.

Топтастыру.

- Ал, балалар, қыркүйек айының аяғында адамдар

егінді жинап бітеді. Олар «мизам» тойын тойлайды.

2. Қазан айының тапсырмалары.

«Қоржында не бар?» ойыны.

Сөйлейміз /сұрақтарды тыңдап жауап береді/:

- 1) Сан есім дегеніміз не?
- 2) Құрамына қарай қандай екі топқа бөлінеді?
- 3) Тұлғасына қарай қалай топталады?
- 4) Негізгі сан есім дегеніміз не?
- 5) Туынды сан есім дегеніміз не?
- 6) Есептік сан есім дегеніміз не?
- 7) Реттік сан есім дегеніміз не?
- 8) Жинақтық сан есім дегеніміз не?
- 9) Болжалдық сан есім дегеніміз не?
- 10) Топтау сан есім дегеніміз не?
- 11) Бөлшектік сан есім дегеніміз не?

Сергіту сәті /өз өнерлерін көрсету/.

Қараша айының тапсырмалары.

Грамматикалық тапсырмалар.

«Танымпаз оқушы» ойыны.

Оқушылар тез әрі ықыласпен мәтінді оқиды. Содан кейін сұрақтар тізімін құрайды. Кімнің тізімі әрі ұзақ, әрі толық болса, сол бұл жарыста ұтады.

А. Көп нүктенің орынына керекті сөздерді қойып, жаз.

Адасқан септіктер.

1. Күз келді. 2. Күзде ағаштардың жапырақтары сарғаяды. 3. Адамдар құстарға жылы үйшік жасайды. 5. Күзде жеміс-жидектерден тосап қайнатамыз. 4. Көкөністерді салатқа жуып тураған жөн. 6. Жеміс-жидектерде дәрумендер көп. 7. Біз балалармен баққа шығып, жапырақтар тердік.

А. Күз туралы өлеңді тыңдап, есте сақтау.

Алақай, алақай!

Шаттанды балақай:

- Сабақты сағындық,

Мектепке ағылдық

Бір сыныпқа көштік біз,

Бір жасқа өстік біз.

Мереке – алтын күз.

Ә. Күз туралы өлең бойынша тест тапсырмаларын орындайық.

1. Алақай, алақай, не істеді балақай?

а) күлді; ә) шаттанды; б) жазды.

2. Қайда ағылдық?

а) үйге; ә) дүкенге; б) мектепке.

3. Қайда көштік біз?

а) сыныпқа; ә) қалаға; б) далаға.

4. Неше жасқа өстік біз?

а) екі; ә) бір; б) үш.

- Міне, балалар, үш айдың тапсырмаларын орындап, саяхатымызды аяқтадық, жарайсыңдар!

4. Шығармашылық тапсырма: «Күз» мезгілін сипаттау.

5. Қорыту:

1) Сіздің ойыңызда не сақталды?

2) Күз ерекшеліктері қандай?

3) Сіз күздің қай кезеңін ұнатасыз?

Бағалау.

Үйге тапсырма беру.

Күз туралы мақал-мәтел жазып, мағынасын ашу, суретін салу.

**Раушан РАМАЗАНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
№5 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БІЛІМНІҢ МАҚСАТЫ – БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ДАЙЫН МАМАНДЫ ДАЯРЛАУ

«Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиістіміз», - деген еді Н.Ә.Назарбаев.

XXI ғасыр ұлттық бәсекеге, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты тәрбиелеу – әр мұғалімнің міндеті. Мұғалім – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің екінші съезінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім

оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр» деген болатын.

Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады. Жақсы педагог-оқытушы қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек. Бәсекеге қабілетті Қазақстан, экономикасы қарышты десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі – білімділік. Осы жайттарды ескере отырып, оқушының жеке тұлға ретінде дербес өзіндік әлеміне бойлату арқылы өзін-өзі дамытуға, өз мүмкіндіктерін таныттырып, оны жүзеге асыруға, өз жан-дүниесінің мәнділігін сезіндіруге бағыттайтын әрбір ұстаз өз қызметін үлкен сеніммен атқарғаны жөн. Себебі, мұғалім ең жауапты міндетті орындайды – ол адамды қалыптастырады. Мұғалімі қандай болса, шәкірті де сондай сенім жүгін көтереді. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол – өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық кұралдардың барлығын меңгерген, өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мұғалім: педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі оқушы: дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білуі керек.

Бәрімізге белгілі, біздің қоғам аса күрделі жағдайларды бастан кешірді. Өтпелі кезеңге тән өмірдің ауыртпалықтарын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ адам қандай жағдайда да өзінің биік адамгершілік сипаттарын, кісілік қасиеттерін сақтап қалуға тиіс. Олай болса, қоғам болашағы – жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құру қажет.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты – өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орыны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Болашақтың бәсекесіне қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс

қалған емес. Соған сай ұстаз – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйытқысы, жан-жақты шебер, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғарғы мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтінімізге нық сенімдімін.



Қаламқас ТОҒАСБАЕВА,
Семей қаласындағы
№9 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру, оқыту бағдарламалары сияқты бағдарламалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқушы үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде мұғалімнің және

оқушының алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек.

Бүгінде біз орта білім беруді одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңіне көштік, ол мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір оқушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, Интернет ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы тиіс.

Тәжірибелік қазақ тілін оқытудың негізгі міндеті – бұл ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілін қалыптастыру, дамыту болып табылады. Ал сөйлеу дағдысын қалыптастыру оқушылардың дұрыс жазу дағдысын меңгеруіне дайындық жасайды.

Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде.

Қазіргі кезде оқу үрдісінде дәстүрлі оқытумен қоса, дәстүрлі емес құралдармен оқыту да кейінгі кезде кең тарауда. Соның біріне тоқталатын болсақ, бұл – электронды оқулықтың көмегімен оқыту.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының

ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар және схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейнекөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын.

Электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының артқандығы байқалады. Сондай-ақ мұғалімдерге де өзіне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Электронды оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту, мұғалімнің оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады. Дәстүрлі оқытуда кейбір оқушылар түсінбей қалған материалды мұғалімнен қайталап сұрай беруге кейде қысылады, сол себепті жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеп соғады. Ал электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті, түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға, сол сөздің түсіндірмесін білуіне, оның грамматикалық жасалу жолдарын білуіне көптен-көп көмегін тигізеді.

ДИАЛОГОВОЕ ОБУЧЕНИЕ

Следуя рекомендациям НИШ, я провела мини исследования по теме: «Новые подходы в преподавании и обучении», а именно «Диалоговое обучение».

Диалог в обучении или учебный диалог – своеобразная форма общения в условиях учебной ситуации, в ходе которого происходит обмен между партнерами и регулируются отношения между ними.

В сложившемся методе преподавания, которым пользуются учителя, и при котором на вопрос учителя, ученики дают короткие ответы или не имеют большого словарного запаса для разговора, невозможно выявить знания и незнание учеников. Опираясь на теоритические материалы новых подходов в обучении нужно рационально использовать диалог в классе. Во-первых, нужно понять, что это способствует интеллектуальному развитию учеников и их результативности в обучении. Дети раскрываются при использовании диалога в обучении. На основании утверждения Выготского, что «когнитивное развитие происходит в процессе социального взаимодействия; иными словами, в момент, когда учеников обучают более взрослым способам мышления путем их общения с более способными учениками и взаимодействия с окружающей культурой и средой», я еще раз убедилась, что диалог является

Электронды оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушыны оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады. Тіпті, кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Бұл оқушы үшін, біріншіден, үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды.

Мысалы: өзім сабақ беретін сыныптарымда электрондық оқулықтарды пайдаланамын. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын байқау қиын емес. 9а,11а сыныбының (менің тобымдағы) оқушылар сабаққа белсенді түрде қатысады. Әсіресе, топтық жұмыс кезеңінде. Оған тоқсандық бағалары дәлел.

Сонымен қатар, оқушылар грамматикалық анықтамаларды оқи отырып білімін тереңдете алады. Міне, осындай мүмкіндіктердің барлығы оқудың себебін күшейтеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын көтереді, оқуға деген белсенділігін арттырады, оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру формасынан шығып, оқытуды даралауды күшейтеуге көп көмегін тигізеді.

Менің әріптестерім де электронды оқулықтарды пайдалануды оң жолға қойған. Біздің қазақ тілі бірлестігінің тақырыбы да – «Қазақ тілі мен әдебиеті» сабақтарында АКТ-ны қолдану». Мақсаты мен міндеті – коммуникативтік білімділікті қалыптастыру болып табылады. Ендеше іске сәт, әріптестер!

мощным инструментом обучения.

Каковы же особенности диалогического обучения?

Организация речи через постановку в парной и групповой работе.

Создание атмосферы сотрудничества через вовлечение в диалог.

Барнс утверждает «что обучение происходит не только посредством пассивного слушания учителя, но в результате использования вербальных средств: говорения, обсуждения и аргументации.

С этой целью организуется групповая и парная работа.

Поэтому:

1. Первоначально нужно решить вопрос рассадки учащихся по желанию, по симпатии, с учетом совместимости характера и способностей;

2. Ознакомить с правилами работы в группе, распределить совместным решением роли лидера, наблюдателя;

3. По составу сформировать группы и пары смешанного состава или одного уровня, чтобы реализовать дифференцированный подход в обучении.

Правильное распределение ролей определить стиль диалога в группе, эффективность диалога и поможет незаметно раскрыться слабому ученику.

При анализе уроков я поняла, что обычный стиль разговора в классе, когда я контролирую беседу, сама задаю важные вопросы и почти всегда повторяю ответы учащихся, что все это не может усилить понимание. Беседу лучше использовать не как односторонний процесс, а наоборот как взаимный процесс, при котором происходил бы «обмен мыслями», и ученики непринуждённо делились ими между собой.

Согласно исследованию Мерсера, беседа является неотъемлемой частью обучения учеников. Они различает три типа беседы, в которые вовлечены субъекты. Использование типов бесед кумулятивной и исследовательской определяют успех учащихся при обучении: каждый принимает и соглашается с тем, что говорят другие, ученики терпимы по отношению к идеям других, стараются предлагать уместную информацию, спрашивают и задают друг другу вопросы, таким образом, стремятся достичь согласия и решения проблемы.

При этом особое внимание уделяется постановке вопросов, что является инструментом для поддержания беседы, общения и их суждений. Особое внимание уделяется умению постановки вопросов и умению выдержать паузу при ответе на вопрос. Используются два вида вопросов:

Вопрос низкого порядка направлен на запоминание. При этом оценка ответов по принципу правильно или неправильно. Например: В каком году он родился?, то есть кто?что? где?когда?

Вопрос высокого порядка направлен на понимание. При этом оценка определяется через умение применять, расширять, оценивать, анализировать информацию. Например: «почему?, для чего?, что если бы?»

Для слабых учащихся я использую подсказки вида:

что ...?, зачем ...?, почему ...? и.т.д. Ученики быстро адаптируются и учатся свободно формулировать вопросы.

Правильно построенный диалог через вопросы играет важную роль и при любой форме работы. Диалог, который основан на вопросах и ответах реально дает ощутимую пользу. «Важно давать ученикам время отвечать и при возможности, строить ответы и дальнейшие вопросы на

основе, того, что они говорят».

Например, на уроках казахского языка качество беседы мы определяем по следующим параметрам: продолжительность ответов на вопросы, количество добровольных ответов, частота вопросов, количество ответов и вопросов от медленных учеников, частота дискуссионных ответов, вопросов при взаимодействии «ученик-ученик».

Получается так, что в процессе урока ученики сами ищут выходы на правильный ответ путем общения с партнерами в паре, группе, не дожидаясь готового ответа.

Например, на моих уроках диалог между учениками начинается с упражнения «Букет пожеланий», где учащиеся в обращении друг к другу желают различные пожелания. Атмосфера доброжелательности и взаимной поддержки позволяет не только получать новые знания, но и развивает саму познавательную деятельность, переводит ее на более высокие формы сотрудничества.



На уроке по теме «Отан» метод «Ассоциация» как элемент критического мышления помогает осуществить диалог ученик-ученик, что способствует учащимся

преодолеть психологический речевой барьер.



Работу в паре с использованием диаграмму «Венна» применила на уроке по теме «Жыл мезгілдері», где дети сравнивали времена года. Этот вид работы развивает в учениках умение анализировать и давать оценку.

Можно сделать вывод, что с помощью диалогового обучения:

- ученик учится отвечать на вопросы;
- ученик учится задавать вопросы;
- ученик учится вести диалог;
- ученик учится выражать свои мысли;
- ученик учится слушать;
- формируются способности к обобщению, расширению кругозора, обогащению словарного запаса.

Хочу завершить свое выступление словами американского ученого Элвина Тоффлера: «В XXI веке безграмотным считается уже не тот, кто не умеет читать и писать, а тот, кто не умеет учиться, доучиваться и переучиваться».

Анар АХАТОВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
№28 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕҢІҢ ПІРІМ – СҮЙІНБАЙ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: ақынның өмірі мен шығармашылығына тоқталу. **Міндеттері: білімділік** – Сүйінбай Аронұлының ақындық құдіретін танытатын шығармаларының мазмұнын ашу; **дамытушылық** – оқушының жаңа сабақты өз белсенділігімен алуына түрткі болу, шығармашылық қабілеттерін, танымдық іс-әрекеттерін дамыту; **тәрбиелік** – ақынның шығармашылығы негізінде ұлттық рух сезімдерін тәрбиелеу, елдік пен ерлікті дәріптеу.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгерту. **Әдісі:** талдау, сұрақ-жауап, баяндау. **Оқыту формасы:** жеке. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта арқылы берілетін мәліметтер, карта, портрет, кестелер, тірек-сызба, тақырыпқа байланысты суреттер. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, Қазақ тілі, География.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) оқушылармен амандасу;
- ә) кезекшімен сұхбат.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

а) мәнерлеп оқу сатысы;

ә) өткен тақырыптар бойынша талдау.

Үй тапсырмасын бекіту сұрақтары:

- 1) Шортанбай ақынның туған жері?
- 2) Ол қандай саясатқа қарсы шықты?
- 3) Ақынның заман туралы толғаулары.
- 4) Ш.Қанайұлының шығармалары қандай жинақтарға енген?

Өткен тақырыптар бойынша шолу сұрақтар:

1) XIX ғасырдың I жартысының өкілдері? (интерактивті тақтада авторлардың портреттері көрсетіліп тұрады).

2) Жарғы, Ережелерді жылдарымен сәйкестендір: (жылжыту әдісі арқылы).

1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы» Жарғы.

1824 жылы «Орынбор қырғыздары туралы» Жарғы.

1844 жыл «Орынбор қазақтарын басқару туралы» Ереже.

Өлең, толғауларды тақырыбына қарай жікте: (қаламмен жылжытады).

Туған жерге арналған.	Арнау өлең-дер.	Ерлік пен елдік.	Исатай бейнесі.	Авто-биографиялық.	Озбырлық, отарлау саясаты.
-----------------------	-----------------	------------------	-----------------	--------------------	----------------------------

«Тегімді менің сұрасаң», «Кешегі бір заманда», «Баракқа», «Ақтанға», «Кеңесбайға», «Аягөз», «Еспенбет», «Мұнар күн», «Тарланым», «Соғыс», «Мұңайма», «Нарында», «Қызғыш құс», «Ереуіл атқа ер салмай», «Айтқызбасымды айтқыздың». **Қосымша сұрақ:** 1. Шығармалардың қайсысы өлең емес? («Еспенбет») қандай жырларға ұқсас? (батырлар жырына) 2. Исатайдың қазасына арналған өлеңдер: («Мұнар күн», «Тарланым»).

III. Жаңа сабаққа көшу:

а) сөздік жұмысы;

ә) ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беру;

б) жаңа тақырып бойынша білім-білік дағдыларын дамыту;

в) жинақтау, қорытындылау.

«Сүйінбай – айтыс өнерінің алтын дінгегі».

М.Әуезов.

а) Сөздік жұмысы:

майталман – непревзойденный;

жоқшылық зардабы – следствие бедности;

дінгек – столб;

ұлылықтың тамыры – корень величия;

жарапазан – обрядовая песня, которая исполняется во время месяца Рамазан;

суырыпсалмалық – импровизация;

бөрілі байрақ – знамя с изображением волка;

пір – духовный покровитель.

Тапсырма: 1) оқу;

2) синонимін табу (жоқшылық, суырыпсалмалық, байрақ, бөрі).

ә) **С.Аронұлы:** (тақта арқылы карта, портрет, сызбалар, жазбаша мәліметтер және олардың мазмұнына қатысты суреттер: би, болыс, ұлық, қарапайым халық, бөрілі байрақ, т.б. суреттер беріліп отырады).

Туған жері: Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Қарақыстақ ауылы. Шыққан тегі: Ұлы жүз, Шапырашты тайпасы, Екей руы. Ол: ақын, айтыс өнерінің майталманы, жыршы, ұстаз. Арғы атасы Күсеп Жиенкүлұлы батыр, ақын, қобызшы болған. Ұлының атын араб фольклорының әділетті кейіпкері Харон Рашидке ұқсастырып қойған. Сүйінбайға ақындық өнер Қызыр бабасынан дарыған.

Ақынның **ерлік пен елдікті жырлайтын өлеңдері:** «Бөрілі менің – байрағым», «Ту алып жауға шықсаң сен», «Қарасай батыр», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Жабай батыр». **Арнау өлеңдері:** «Датқаларға», «Төрелерге», «Үмбетәліге», «Қажыларға», «Қасымға», «Мақсұтқа». **Ақынның айтыстары:** Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Тезек төре, қырғыз ақыны Қатағанмен, Арыстанбек ақындармен, т.б. Мұхтар Әуезов Сүйінбайдың айтыстағы өнерін өте жоғары бағалап, оны «айтыс өнерінің алтын дінгегі» деп атаған. Шәкірті – Ж.Жабаев. «Бала Жамбылға бата» өлеңі рамазан айында шығарылып, батасы берілген. Ұстаз бен шәкірттің шығармашылық қарым-қатынасы отыз жылдай уақытпен өлшенеді (Оқулықтағы өлеңнен үзінділер интерактивті тақтада беріледі. Мұғалім оларды оқып, мазмұнын ашады).

Оқушыларға берілетін тапсырмалар:

1. Үзінділерді мәнерлеп оқу;

2. Өлеңнің тармақ, буын, бунағын және ұйқас түрін ажырату;

3. Әр шумақтың мәнін ашатын көркем, бейнелі сөздерді анықтау.

б) Атыңнан айналайын Қызыр бабам,

Түсімде таңға жуық келді маған.

Білмеймін «өлең» деді, «көген» деді, («көген» байлық мағынасында айтылған),

Сайрауық құстар келіп төнді маған. (11 буынды, қара өлең ұйқас, үш бунақты).

Халықты тілмен қорғадым,

Сөз шындыққа келгенде,

Бас кессе де болмадым.

Құтылып жарлы кеткенше,

Зорларды сөзбен торладым. (7-8 буынды, шалыс ұйқас, екі бунақты).

*** ***

Беліне садақ байланып,
Алмас қылыш асынған.
Қол үзілмей қасынан,
Дулыға кетпей басынан,
Құрсанған жаудың әскерін
Қуып еді Қарасай,
Жоңғардың қақпа тасынан. (7-8 буынды, аралас ұйқас).

*** ***

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!
Жау тисе жапан далада,
Бөрілі найза атамыз. (8 буынды, шалыс ұйқас).

*** ***

Ел шетіне жау келсе,
Беліне алмас ілетін.
Қызыл қырғын қан көрсе,
Тайсалмай барып кіретін.
Еңіреген ерлер қайда екен?! (7-8 буынды, шалыс ұйқас).

*** ***

Келдіңдер осы топқа барайын деп,
Бір шайқам май түсе ме, қарайын деп.
Момын малын зұлымға алып беріп,
Нашардың қайтарсындар талайын жеп. (11 буынды, кара өлең ұйқас).

*** ***

Бұл заманның ұлығы,
Параменен мал жиып,

Бойынан асқан былығы.
Оязға кайтсем жағам деп
Үзілер болды жұлыны.
Өз елін өзі қарақтап,
Көр ақтарған қорқаудай
Датқалар жүр жалақтап. (7-8 буынды, кезекті ұйқас).

*** ***

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай. (7 буынды, кара өлең ұйқас).
С.Аронұлы. Топтастыру:

1. Ақын, айтыскер, ұстаз, жыршы.
2. Алматы обл. Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылы.
3. Өлеңдерінің тақырыбы: ерлік пен елдік, әділдік, арнау өлеңдер.
4. Өлеңдері: кара өлең, шалыс, кезекті, аралас ұйқастарға құрылған.
5. Жоқшылық пен жетімдік көрген.
6. 1822-1895 ж.ж. өмір сүрген.

Венн диаграммасы:

Шортанбай ортақ белгілері Сүйінбай

Графикалық тест (иә немесе жоқ деп жауап береді):

1. С.Аронұлы ШҚО дүниеге келіпті;
2. Арғы атасы Күсеп ақын екен;
3. Ақын жасында жоқшылық көрген;
4. «Бөрілі – менің байрағым» өлеңі ерлік тақырыбына арналған;
5. Түсінде Күсеп атасы аян беріпті;
6. «Өлең» – «көген» мәндес сөздер ме?;
7. Ақын шығармашылығында арнау өлеңдер үлкен орын алған;

8. Рамазан айында Жамбыл ақын батасын алыпты;
9. С.Аронұлы – «айтыс өнерінің алтын діңгегі»;
10. Ол – ХІХ ғасырдың ІІ жартысының өкілі.

Сабақты бекіту:

1. С.Аронұлы кім? 2. Шығармаларының басты тақырыбы? 3. Бала кезіндегі көрген қиындығы? 4. Қандай өнердің негізін қалаушы? 5. Жамбылмен шығармашылық қарым-қатынасы қанша жыл?

Үй тапсырмасы: ІІ деңгей. 75-79 беттерді оқу, әңгімелеу; ІІІ деңгей. 75-79 беттерді оқып, әңгімелеу. 80-81-беттегі өлеңді жаттау.



Гүлнар ХАЙРУЛЛИНА,
Орал қаласындағы
№24 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МӘНГІЛІК ӨМІРДІ АҢСАҒАН ҚОРҚЫТ

Мақсаты: оқушыларға атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері Қорқыт туралы жан-жақты мағлұмат беру.

Міндеттері: өз ойын жүйелі жеткізуге, сауатты сөйлеуге дағдыландыру; тарихи тұлғаларды қадірлеуге, өнерді сүйуге, бағалай білуге тәрбиелеу.

Түрі: интерактивті сабақ. **Көрнекіліктері:** портреттер, кестелер, слайдтар.

Сабақтың барысы.

І. Ұйымдастыру кезеңі:

Сыныппен сұхбат.

ІІ. Үй тапсырмасын пысықтау, сұрау:

а) 1-2 оқушыдан «Ежелгі дәуір әдебиеті» туралы түйсінгендерін сұрау.

ә) Үй тапсырмасын пысықтау сұрақтары:

1. Ежелгі дәуір әдебиеті туралы не білдің?
2. Ертеде қандай тайпалар көшіп-қонып жүрген?
3. Олардың мемлекеті қалай аталған?
4. Олар аңыз, жырларын кімге арнаған?
5. Жырлар неліктен құлпы тастарға жазылған?
6. «Күлтегін» жырының басты кейіпкерлері?
7. «Орхон-Енисей» жазбаларының сырын ашқан ғалым.

ІІІ. Жаңа сабақ.

1) Кіріспе бөлімі.

Сабақтың эпиграфы:

Өткен күн ертегі ғой, тамаша таң,

Ойласаң өткен күнді жұбанар жан.

Байқасаң, адамзатта болған ба ақын

Қорқыттай атасынан бата алмаған?!...

Мағжан Жұмабаев.

- Балалар, біз бүгінгі сабағымызда ежелгі дәуір әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі – Қорқыт атамен танысамыз.

Қорқыт Сырдария өзенінің бойында туған. VII ғасырда өмір сүрген. Қорқыттың өмірге келуі туралы аңыз көп. «ХОР» – адам, «құт», «киелі» деген мағынаны білдіреді. Өзі түркі тегінен шыққан.

Қорқыт – асқан күйші, әлемге әйгілі ақын. Ол қобыз деген аспапты ойлап шығарған. Оның күйлерін тебірентей

тыңдау мүмкін емес.

Қорқыттың жырларын халық ауыздан-ауызға таратып, сақтап келеді. Сол жырлардың бір тобы «Қорқыт ата» кітабында басылып шықты «Қорқыт ата» кітабы қазіргі кезде Германияның Дрезден қаласының кітапханасында сақтаулы. Ол көптеген тілдерге аударылған. Қорқыт өмір бойы ажалдан қашып, мәңгілік өмірді іздеген. Ол өлімнен қашып, Сырдарияның үстіне кілем төсеп, ұзақ жылдар күй тартады. Ақыры ол шаршап, қалғып кеткенде жылан шағып өлтіреді.

Қорқыт ата өмірі мен еңбектерін зерттеген ғалымдар: Ә.Диваев, Ә.Қоңыратбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, О.Шайық, О.Гокиия.

Орыс ғалымы: А.Якубовский.

Қорқыттың күйлері: «Тарғыл тана», «Ұшардың ұлуы», «Әуіпбай», «Сарын», т.б.

Қорқыттың даналық сөздері: «Күл төбе болмас», «Жат баланы қанша асырасаң да, еңбегінді ақтамас», «Өлген адам тірілмес, өткен қайта келмес».

2) Сөздік жұмысы:

Киелі – священный;

Ажал – смерть;

Мәңгілік өмір – вечная жизнь.

Сабақта атқарылар іс-шаралар:

а) Сөздікті мәнерлеп оқу;

ә) Оқушыларға оқыту;

б) Тізбектеп оқу.

3) Мәтінмен жұмыс:

а) Мәтінді мәнерлеп оқу;

ә) Оқушыларға тізбектеп оқыту.

IV. Салыстыру.

Әл Фараби

Математик, ғалым,
IX ғасырда өмір
сүрген.

Қорқыт

Жыршы, қобызшы,
VIII ғасырда өмір
сүрген.

Сыр бойында өмір
сүрген, музыкант,
ақын, тарихи тұлға.

V. Кесте толтыру.

Қорқыт кім?	Туған жері	Өмір сүрген ғасыры	Ол нені іздеді?	Желмая қандай жануар?	Қорқыттың күйлері	Мәңгі өлмес нәрсе	Қорқыттанушы ғалымдар
Ақын, күйші, қобызшы, тарихи тұлға.	Сырдария	VIII ғасыр	Мәңгілік өмірді	Түйе жануары	«Тарғыл тана», «Әуіпбай», т.б.	қобыз, өнері, артында қалдырған ізі	М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев және т.б.

VI. Сабақты бекіту. Мәтін мазмұнын талдау.

1. Шығарманың жанры: аңыз әңгіме.
2. Шығарманың тақырыбы: жақсылық, ізгілік, адамгершілік.
3. Оқиға болған уақыт: VIII ғасыр.
4. Оқиға орыны: Сыр елінде.
5. Басты кейіпкер: Қорқыт ата.
6. Ол кім? Аңыз кейіпкері, ақын, қобызшы-күйші.
7. Түйін: Жақсының аты өлмейді, ақынның хаты өлмейді.

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: мәтіннің мазмұнын айту, «Қорқыт ата» тақырыбына шағын эссе жазу.

Алтынай ОСПАНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Жамбыл ауданындағы
«Мирный» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ШӘКӘРІМ ШАПАҒАТЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Шәкәрімнің шығармашылық өмірінен кеңінен мәлімет беру, ғұмырнамалық дастанынан үзінділер оқыту арқылы таныту; **дамытушылық** – өткен ғасырға үңілдіру. Оқушылардың Шәкәрім өмірі мен поэзиясы туралы ұғымын кеңейту. Көркем дүниеге құрметпен қарау арқылы дамытуға ойландыру; **тәрбиелік** – Шәкәрім шығармашылығы арқылы оқушыларды атамекенді сүйуге, ардақтауға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа материалды меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, топтау, баяндау. Ой шақыру, проблемаларды дамыта оқыту арқылы педагогикалық ынтымақтастық, оқушылардың шығармашылықтарына тапсырмалар арқылы ойтолғау, қорытынды жасап, іздену, ойын талдау-жинақтау әдістері, сұрақ-жауап, түсіндіру, топтау, баяндау, т.б. **Көрнекілігі:** Шәкәрімнің портреті, ұнтаспа, интерактивтік тақта, слайд, оқулықтары. Пәнаралық байланыс: тарих, орыс әдебиеті.

Сабақтың барысы.

а) Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

ә) Үй тапсырмасын пысықтау:

Үйге «Абай кім?» атты танымдық сызбаны толтыру берілген, соны тексеру.

б) Жаңа сабақ.

1. Жаңа сабақтың тақырыбы мен өту барысын талқылау, мақсатымен таныстыру.

Кіріспе сөз.

2. Слайд арқылы Шәкәрімнің өмірбаянын әңгімелей отырып түсіндіру.

Абай дәстүрін жалғастырушы – қазақ халқының аса көрнекті ақыны, ойшыл ғалымы Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы 24 шілдеде Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданының Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келді. Әкесі Құдайберді – Құнанбай баласы, ұлы ақын Абайдың ағасы, шешесі – Қаракесек руынан шыққан Алдаберген есімді кісінің қызы. Аты – Төлебике. Ол өзінің қолының ашықтығымен, көпшілдігімен, қайырымдылығымен, дастарханының молдығымен елдің ықылас-ілтисатына бөленіп, кейін келе Дәметкен атанып кеткен мейірімді жан болатын. Шәкәрімнің ерекше ақылдылығы, басқа балалардан өзгешелігі, 4-5 жасынан-ақ байқалады. Әкесі оны бес жасында өз ауылындағы молдаға арабша оқуға береді.

Абай, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Ілиястар сияқты Шәкәрім де қазақ поэзиясының өркендеуіне үлес қосты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қарасөздің (прозаның) дамуына Шәкәрімнің қарасөз

туындылары: «Түрік, казак, қырғыз һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» трактаттары, «Бәйшешек бақшасы» әңгімелер топтамасы ықпал етті.

Шәкәрім өлең-жырларын ұшқырлай түсу үшін олардың көбіне ән жазған.

3. Жаңа сөздерге көңіл бөле отырып, меңгерту:

Белсене араласу – активно вмешиваться;

Болмыс – быт;

Тау бөктері – подножье горы;

Жаратылыс – создание;

Білім мен ғылым сыры – тайна знаний и науки;

Уағыздау – пропагандировать;

Нәр алу – впитать;

Көлемді шығарма – объемное произведение;

Құдық – колодец;

Нысана – цель;

Халық игілігі – достояние народа.

4. Слайдта берілген ұнтаспаны тыңдата отырып, білімдерін толықтырып, пысықтау.

5. Сұрақтар мен тапсырмаларды орындату:

1. Шәкәрім қай жерде дүниеге келді? Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданының Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келді.

2. Шәкәрім шығармашылығының ерекшеліктері туралы не айтуға болады? Дүниеге, табиғатқа, сан-салалы құбылыс-көріністерге, дінге деген көзқарастары анық көрініп отырады.

3. Шәкәрім өлеңдерін тақырыбына байланысты топтастырыңдар:

4. Шәкәрім өлеңдерінің тақырыптары

- білім
- ғылым
- еңбек
- мәдениет

5. Философиялық тұрғыда қандай еңбектер жазды? «Үш анық», «Сөз басы», «Қорытынды», «Жан немене?», «Ұждан-совесть» туындыларын жазған.

6. Эпикалық жанрда жазылған қандай дастандарын білеміз? «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек, «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарын білеміз.

6. Тірек-сызба арқылы ақынның шығармашылық қызметі мен ұстанған бағытын баяндау, оқушылармен пікір алысу.



7. «Адамдық борышың» өлеңін оқушыларға мәнерлеп оқыта отырып, мазмұнын, идеясын түсіндіру. Олардың ойларын тыңдау.

Әр адамзат осы өмірде өз орынын тауып, келешекте өз артына із қалдырса, сол мәңгілік өлмейтін бақыт екенін айтады.

8. Оқулықпен жұмыс.

Шәкәрім мұрасының қомақты саласы – поэмалары. Ақынның «Еңлік-Кебек» (1891), «Қалқаман-Мамыр» (1888) дастандары қазақ елінің тұрмыс, тарихынан жазылған. «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны нәзира дәстүрі негізінде, шығыс аңызы желісімен шығарылған. «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» дастандары – сүйіспеншілікті, адал махаббатты, таза сезімді жыр еткен шығармалар. Ел ауызындағы махаббат аңыздарын ақын суреткерлік шеберлікпен жырлап, жеке бас трагедиясынан гөрі халық трагедиясын көтереді.


9. Хронологиялық таблицаны толтыру.

1858 – дүниеге келген жылы.

1905-1906 – Меккеге барып, «қажы» атанған мезгілі.

1931 – қайтыс болған жылы.

10. Сабақты бекіту: Мен бүгін сабақта:



Үйге тапсырма: Ш.Құдайбердіұлының өмірбаянын оқып келу.

Шығармасынан бір үзіндіні жаттап келу.

Бағалау: оқушылардың жауаптарына, сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.

Фарида ЕСЕНОВА,
№12 орта мектебінің
мұғалімі.

Жамбыл облысы,
Қордай ауданы,
Масанчи ауылы.

ОҚУШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ – ҚҰРМАНҒАЗЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Құрманғазы өнері жайлы сыр шерту, күйдің мағынасын ашып түсіндіру; **дамытушылық** – өлеңді мәнерлеп оқуға, оқушының сөйлеу тілін дамыту, өзіндік пікір, ой қорыта білуге жетелеу; **тәрбиелік** – оқушыларды жаман қасиеттен бойын аулақ ұстап, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жақсы адам болуға тәрбиелеу, адамгершілік, асыл қасиеттерді бағалау.

Түрі: жаңа білімді меңгерту сабағы. **Типі:** білім мен іс-әрекет тәсілдерін жинақтау және жүйелеу. **Көрнекілік:** Құрманғазы суреті, интерактивті тақта, семантикалық карта, тақырып бойынша слайдтар.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылардың ынтасын сабаққа аудару.

Психологиялық дайындық. Жұмбақ шешу.

Ұзын мойын.

Екі ішек.

Қатар-қатар текпішек.

Басып көрсең бір-бірлеп,

Үн шығарады күмбірлеп. (домбыра).

«Ой қозғау» стратегиясы. Қайталау.

Динаның күйін тыңдату. Сұрақтар қойып, оқушыларды сөйлету.

- Естіген музыка қай жанрға жатады? (күйге).
- Күй деген не? (музыкалық шығарма).
- Күйді шығарушы кім? (адам, күйші).
- Кімнің күйі деп ойлайсындар? (Дина).
- Қандай қазақ күйшілерін білесіндер? (Құрманғазы,

Тәттімбет, Дәулеткерей, т.б.).

Жаңа сабаққа дайындық. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. Құрманғазы Сағырбайұлы туралы өтетінімізді хабарлай отырып, күйшінің қысқаша өмірбаянымен таныстыру.

Құрманғазы Сағырбайұлы – қазақтың атақты күйші-композиторы, домбырашысы, халықтың аспаптық күй өнерінің классигі.

Күйші 1818 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданындағы Жиделіде туған.

Құрманғазының алғашқы ұстазы – Ұзақ болған. Ұзақпен ел аралап, домбырашылық өнерін жетілдірген, өнер сайысына түскен.

Құрманғазының алғашқы күйлерінің бірі – «Кішкентай». Одан кейін «Ақбай», «Ақсақ киік», «Адай», т.б. күйлерін шығарған.

Мәтінмен жұмыс (Мұғалім мәтін үзегін кәртішке арқылы топтарға бөліп таратады).

Сөздік жұмысы.

Мазмұндау.

Сұрақтар құрастыру.

Грамматикалық тапсырма: Кірме сөздер.

Сөйлемдердегі кірме сөздердің астын сызып, тиісті көптік жалғауларын қойып жазындар.

Сөздік жұмысы:

Күйші – исполнитель кюя;

Жетілдіру – совершенствовать;

Қарапайым – простой;

Алғашқы ұстаз – первый учитель.

Бекіту.

«5 жолды өлең» стратегиясы:

1. Домбыра.
2. Әдемі, оюлы.
3. Жасау, ойнау, әзірлеу.
4. Шебер өте әдемі домбыра жасады.
5. Музыкалық аспап.

Күй – қазақ халқының ұлттық өнері, қуаныш пен қайғыны күй арқылы жеткізе білген.

Қорыту. Семантикалық картамен жұмыс.

Тақтада сұрақтар берілген. Оның жауаптары араласып жазылған. Жауаптарын дұрыс табу:

1. Құрманғазы мен Динаның сөзін бөлген не еді?
2. Дина мен Құрманғазы қандай әңгіме айтып отыр еді?
3. Құрманғазының анасының аты кім?
4. Құрманғазыны не үшін тұтқынға алды деп ойлайсың?
5. Құрманғазы мен Динаның қандай күйлерін білесіндер?

Мадақтау:

- Балалар – гүлім менің,

Балалар – күйім менің.

Балалар – нұр сыйлайтын

Бүгінгі күнім менің!

Оқушылар сендерді өзіме қуат алатын шуақты күн-

дерге теңемекпін. Бүгінгі сабаққа белсенді қатысқандарың үшін сендерге мынадай «Шуақты күн» төсбелгісін сыйлаймын.

Әр оқушының білімі мен белсенділігіне қарай бағалау.

Үй тапсырмасы. Құрманғазы туралы толық мағлұмат жазып келу.



Гүлжан БАЙҒАРИНОВА,
«Песчанка» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Бородулиха ауданы,
«Песчанка» ауылы.

СЕБЕП-САЛДАР САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ – ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДА

(9-сынып)

Мақсаты: модуль бойынша меңгерген білімдерін пысықтау. **Міндеттері:** **білімділік** – оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру; дамытушылық – тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – қазақ отбасындағы салт-дәстүрлеріне қызығушылығын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге,

ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Түрі: пысықтау сабағы. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, «топтастыру», «5 жолдық өлең» стратегиясы, іздену, тестімен жұмыс, ойын. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта (активстудио бағдарламасы, слайдтар), жайылған дастархан, көрініске қажет заттар, суреттер, ұлағатты сөздер, көрме, қоржын, асықтар, киіз үй макеті. **Оқыту формасы:** жеке-дара, топтық, ұжымдық. **Пәнаралық байланыс:** халық ауыз әдебиеті, ән-күй.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Түгелдеу.

Қазір жылдың қай мезгілі?

Бүгін аптаның қай күні?

Ауа райы қандай?

Шеңбер құрып алақанымыздың жылуы арқылы бір-бірімізге жылы сөз айтайық.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

II. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

Қай халықтың болмасын салт-дәстүрі болады. Әрбір адам халықты сыйласа, оның тілін де, салт-дәстүрін де құрметтеуі керек. Соның бірі – бала тәрбиесіне байланысты салттар. Өйткені, бала – өмірдің жалғасы, болашағы.

Балаға байланысты қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?



Оқушыларға үй тапсырмасына берілген салт-дәстүрге байланысты көріністерін тамашалату.

1-топ. Шілдеhana.

а) Бірінші оқушы слайд бойынша әңгімелейді.

Шілдеhana – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын той. Дастархан жайылып, жастар домбыра тартып, ән салып, ұлттық ойындар ойналады. Шілдеhana думанды болса, сәби сергек, қызықты өмір сүреді деген сенім бар. Бұл тойда «Балаңыздың бауы берік болсын!» деген құттықтау айтылады.

ә) Бесікке салу туралы екінші оқушы әңгімелейді.

Халқымызда бесік – қасиетті, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі.

Бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бұл – халқымыздың елеулі үлкен дәстүрі. Бесікке салу жолы жасы үлкен немесе елдің құрметті, өнегелі адамына жүктеледі. Мерекелік дастархан жайылып, бесікке салған адамға кәде беріледі.

Топтағы қыздар «Бесікке салу» рәсімін көрсетіп, бесік жырын орындайды:

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
Әлди-әлди, аппағым,
Қойдың жүні – қалпағым,
Жұртқа жаман болса да
Өзім сүйген аппағым!
Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!

Жылама, бөпем, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.
Әлди-әлди, бөпешім,
Қозы жүні – көрпешім.
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзі сүйген бөпешім!

2-топ. а) Қырқынан шығару – нәрестенің туған күніне қырық күн толған соң, ыдысқа қырық қасық су құйып, соған шомылдырады. Сәбидің қарын шашын, тырнағын алады. Ит жейдесін (алғашқы кигізілген жейдесі) шешіп алып, сақтап қояды. Мерекелік дастархан жайылады.

Топтың бірінші оқушысы әңгімелейді, қыздар қырқынан шығару рәсімін көрсетеді.

ә) **Тұсау кесу.** Топтың екінші оқушысы әңгімелейді.

Сәби қаз тұра бастағанда, тез жүріп кетсін деп, ала жіп есіп, екі аяғын тұсап, сүрінбей жүретін адамға тұсауын кестіріп, баланы қолынан ұстап, тез-тез жүгіртеді. Оған қуанысып, шашу шашылып, дастархан жасалып, «тұсаукесер» кәдесі беріледі.

Тұсаукесер жырын бір оқушы оқиды.
Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң, мәз болам!
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауынды кесейін.
Қаз-қаз, балам, қаз балам.
Тақымыңды жаз, балам!
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.
Қаз-қаз, балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой,
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой.

Қаз баса ғой, карағым,
Құтты болсын қадамың!
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.
Тәй-тәй, қаз-қаз,
Қадамыңды бас, бас!

Шашу шашылады.

«Қонақтар» дастарқан басына жайғасып, «Дастархан»
әнін орындайды.

Бата беріледі (оқушы):
Азамат болып ержетсін,
Ақсақал болып төрлетсін.
Қызықты болып ғұмыры,
Азамат болсын көрікті!

Азамат болсын ардақты,
Мінезі болсын салмақты.
Өнері болсын жан-жақты,
Осы айтқанның бәрі қабыл болып,
Алла берсін зор бақты!
Әумин!

III. Өткенді пысықтау.

Лексикалық тақырыптар бойынша «Бәйге» ойыны.

Алған ұпайларына асықтар беріледі.

Сұрақтар:

- 1) Кенже ұл кім?
- 2) Қара шаңырақ дегеніміз не?
- 3) Қара шаңырақта балаға үнемі нені айтып отырады?
- 4) Жеті санына байланысты қандай ұғымдарды білесіңдер?
- 5) Жеті атаны атаңдаршы.
- 6) Жеті күнді атаңдар.

7) Жеті ырысты атаңдар.

8) Жеті қазынаны атаңдар.

9) Дәстүрлі қазақ отбасында кімдерді ерекше құрметтеген?

10) Әке мен шеше ақылдасып, үйленген ұлдарына нені бөледі, тұрмысқа шыққан қыздарына не береді?

11) Адамның мінезіне байланысты қандай тұрақты тіркестерді білесіңдер?

12) Бағаны кім береді?

13) Қазақ халқы қандай?

14) Әдетте төрге кім отырады?

15) Қазақтың ұлттық дастарханының негізгі тамақтары қандай?

16) Ет тағамдарына не жатады?

17) Сүт тағамдарына не жатады?

18) Нан тағамдарына не жатады?

2. «Алтын сандық» тапсырмасы.

Отбасы, ата-ана туралы мақал-мәтелдердің жалғасын табыңдар.

1-топ.

1. Бала тәрбиесі - ...
2. Балапан ұяда не көрсе, ...
3. Әке -.....
Ана -
Бала -
4. Атаңа не қылсаң,
5. Аға әдепті болса,..... ,
Апа әдепті болса,

2-топ.

1. Ананың көңілі -
Баланың көңілі -
2. Әкеге қарап.....,

Шешеге қарап

3. Балалы үй -,

Баласыз үй -

4. Отан - ...

5. Әдепті бала -,

Әдепсіз бала -

3. Грамматикалық тақырып бойынша қайталау:

1) Құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2) Құрмалас сөйлем құрамына қарай неше топқа бөлінеді?

3) Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

4) Салалас құрмалас сөйлем мағыналық жағынан неше түрге бөлінеді?

5) Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем қандай жалғаулықтар арқылы жасалады?

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем құрастырындар. Салалас құрмалас сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.

1-топ:

Әке – отбасының сондықтан тірегі әкені тыңдайды отбасы мүшелері.

2-топ:

Қазақ отбасында ұлдарына үйленген жасау бөледі тұрмысқа шыққан қыздарына енші береді.

Дұрыс сөйлемдер.

1-топ:

Әке – отбасының тірегі, сондықтан отбасы мүшелері әкені тыңдайды.

2-топ:

Қазақ отбасында үйленген ұлдарына енші бөледі, тұрмысқа шыққан қыздарына жасау береді.

IV. Бекіту.

Тест сұрақтарына жауап беру.

1. Баланың тұсауын кім кеседі?

А) Әкесі;

Ә) Анасы;

Б) Ауылдың сыйлы адамы.

2. «Бесікке салу» деген не?

А) Салт-дәстүр;

Ә) Ұлттық ойын;

Б) Тұрақты тіркес.

3. Тәрбиелік мәні бар үлгі сөздер?

А) Жұмбақ;

Ә) Мақал-мәтел;

Б) Жаңылтпаш.

4. Бала 40 күнге толғанда жасалатын той?

А) Қырқынан шығару;

Ә) Тілашар;

Б) Сүндет той.

5. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын табыңдар.

А) Біресе, кейде, бірде;

Ә) Сондықтан, себебі, өйткені, неге десең;

Б) Не, немесе, я, әлде, бірде.

6. Ата- ...

А) Әкенің әкесі;

Ә) Ұлдың әкесі;

Б) Ұлдың баласы.

7. Сөйлемнің түрін анықтаңдар.

Қазақ отбасында қыздың орыны үлкен, өйткені қызды ерекше құрметтейді.

А) Ыңғайлас салалас құрмалас;

Ә) Кезектес салалас құрмалас;

Б) Себеп-салдар салалас құрмалас.

8. Құрмалас сөйлем неше сөйлемнен тұрады?

- А) Бір сөйлемнен;
- Ә) Екі немесе бірнеше сөйлемнен;
- Б) Үш сөйлемнен.

9. Нағашы -...

- А) Ағаның әйелі;
- Ә) Ата-ана;
- Б) Балалардың анасының төркіні.

10. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысының немесе соңғысы алдыңғысының себебін білдіретін түрін дейді.

- А) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас.

Жауабы:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	1
Б									

«5» -9-10б.

«4»-8-7 б.

«3» -6-4б.

«2»- 3-1б.

V. Қорытынды: Бес жолдық өлең құрастыру.

- 1. Не? Қазақ отбасы.
- 2. Қандай? Қонақжай, көп балалы.
- 3. Зат есім. Балалар, үлкендер.
- 4. Не істейді? Салт-дәстүрді сақтайды, құрметтейді.
- 5. Сезім. Тамаша!

VI. Үйге тапсырма:

III деңгей.

Көркем әдебиеттен 3 себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем жазып келу.

II деңгей. 3 себеп-салдар с.к.с. құрастырып келу.

I деңгей.

Модульдің тақырыбы бойынша сөзжұмбақ құрастырып келу.

Бағалау. Бағалау парақтары бойынша қорытынды баға қойылады.



Гүлназ ТҰРСЫНОВА,
Алматы қаласындағы
№90 лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОР ЖӘНЕ НӘТИЖЕ САБАҚ

(6-сынып)

Мақсаты:	1. Білімділік – оқушылардың білімдерін жинақтау және қорыту, сөздік қорын молайтып, тілін жаттықтыру. Модуль бойынша жинаған білімдерін сабақтан тыс қолдануға дағдыландыру. 2. Дамытушылық – ойын, түрлі тапсырмалар арқылы ауызекі сөйлеу, есте сақтау, еркін ой қозғау, сын тұрғысынан ойлау, сұрақ қоя білу дағдыларын дамыту. 3. Тәрбиелік – ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, адамгершілік тәрбиелер беру.
Түрі:	Қайталау.
Типі:	Интербелсенді.

Әдіс-тәсілдері:	Өзін-өзі реттеу, сын тұрғысынан ойлау, АКТ, диалогтік оқыту, дарынды және талантты балалармен жұмыс, оқытуды бағалау, жас ерекшеліктері бойынша оқыту, «миға шабуыл» стратегиясы, ИНСЕРТ әдісі, «Қара жәшік», т.б.		
Дидактикалық қамтамасыз етілуі:	«Қара жәшік», кеспе қағаздары, флипчарт, екі жалау, ережелер, сайыс кезеңдері, мақал-мәтелдер.		
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, орыс тілі, сурет, математика.		
Талантты және дарынды оқушылар:	Әбдірашев Баймұхамед, Ақылбаев Науан, Айбекова Ранита, Шарифуллин Айдын, Медео Камила.		
Формативті бағалау үлгісі:	Бағалау парақтары және фишкалар.		
Уақыт	Сабақтың барысы. Жұмыс түрлері:	Мұғалімнің рөлі:	Оқушының рөлі:
5 мин.	І. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Сабақтың психологиялық ахуалын қалыптастыру. Қызығушылықтарын арттыру. «Шаттық шеңбер» ойынын өткізу.	Мұғалім оқушыларға өз тілегін айтып, жүрек тапсырады.	Оқушылар шеңбер түрінде тұрып, бір-біріне өз тілектерін айтып, жүректі тапсырады.

	2. Сыныпты топтарға бөлу (сандар арқылы бөлу). 3. Қызыл және жасыл жалауға назар аудару.	Сандар бойынша топтарға бөледі. Түстің ерекшелігіне назар аудару.	Кеспе қағазды таңдап, артындағы сан бойынша екі топқа бөлінеді. Санға қарап екі топқа бөлінеді.
	4. Топта жұмыс істеуге керекті ережелерге назар аудару. 5. Бағалау парақтарына назар аудару. 6. Сабақтың мақсаттарын оқушылармен бірге анықтау.	Мұғалім ережелерді оқып шығады. Бағалау парақтарына назар аударып, тағы да фишка жинап отыруларына көңіл бөледі. Сабақ мақсаттарын анықтау.	Мұғалімді мұқият тыңдайды. Бағалау парақтарына назар аударды. Мұғаліммен бірігіп, сабаққа мақсаттар қояды.
	Топта жұмыс істеуге бағытталған ережелер: 1. Тапсырмаларды мұқият тыңдау және орындау. 2. Топта тыныштықты сақтау. 3. Уақытты үнемдеу. 4. Топта сыпайылық таныту.	1. Өткен сабақтар бойынша өз білімдерімізді жинақтау және қорыту. 1.. Грамматикалық тақырыпты іс жүзінде қолданып көрсету.	

	5. Топта әр топ мүшелерін бағалау.		
	Мақал. Күш – білімде, Білім – кітапта.	3. Модульге сүйене отырып, өз мектебіміз жайлы айта білу. Тақтада мақал жазылып тұр. «Күш – білімде, білім – кітапта». Мұғалім оқушылармен хормен оқып шығып, аудармасын сұрайды. Қара жәшік ішінде жазылған сұрақтарды таңдауды сұрайды.	Интерактивті тақтада жазылған мақалды хормен оқып, аударды. «Қара жәшік» ішінен тапсырмаларын таңдап, жауап береді.
	7. «Қара жәшік» ойынын өткізу. Фонетикалық жаттығу орындау.	Сұрақтар: Мақалдың кез келген сөзінің дауысты дыбыстарына фонетикалық талдау жаса. Мақалдың кез келген сөзін буынға бөліп, буын түрін анықта. Мақалдың кез келген сөзімен сөйлем құра. Мақалдың кез келген сөзімен сөз тіркестерін құра.	

4 мин.	II. Модуль бойынша өткен тақырыптарды қайталау кезеңі: Сабак брейнинг үлгісінде өткізіледі. Әр тапсырма жеке сайыс ретінде беріледі: 1. «Жуан және жіңішке сұрақтар» сайысы. Топтық жұмыс.	Мұғалім әр топқа бір минуттың ішінде сұрақтар қояды, жауаптарына қарай фишка береді. 1-топқа: -Сөз дегеніміз не? -Айтылу мақсатына қарай сөйлемдер неше топқа бөлінеді? -Хабарлы сөйлемдердің соңында қандай белгі қойылады?	Оқушылар өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз фишкаларын алып, бағалау парақтарына өз бағаларын қояды.
	«Жуан және жіңішке сұрақтар» сайысы.	- Бейбіт неге намыстанатын? - Қазақ тілі кабинеті қандай? - Оқу-білім туралы мақал айт. - Мектеп кітапханасы нешінші қабатта орналасқан? - Сабактарды қандай мұғалімдер жүргізеді? 2-топқа - Сөз тіркестері дегеніміз не? - Сұраулы сөйлемнің соңында қандай белгі қойылады?	

		<p>- Сөйлемнің түрлерін ата.</p> <p>- Бейбіттің арманы қандай еді?</p> <p>- Қазақ тілі кабинетінде нелер бар?</p> <p>- Оқу-білім туралы мақал айт.</p> <p>- Мектепте қандай кабинеттер бар?</p> <p>- Сенің мектебің қайда орналасқан және қандай?</p>	
5 мин.	<p>2. «Ойлан, тап» сайысы.</p> <p>Кеспе қағаздарымен жұмыс.</p> <p>Жас ерекшеліктері бойынша оқыту.</p> <p>Деңгейлік тапсырмалар.</p> <p>Үш түсті кеспе қағаздары.</p> <p>Жасыл түсті – I деңгей.</p> <p>Сары түсті – II деңгей.</p> <p>Қызыл түсті – III деңгей.</p>	<p>Мұғалім жеке әрбір оқушыға кеспе қағаздарын таратады, тексеріп шығады.</p>	<p>Оқушылар кеспе қағаздары бойынша жауабын жазып, өз бағаларын бағалау парақтарына қояды.</p>

5 мин.	<p>3. «Сөз сыры» сайысы.</p> <p>Кеспе қағаздарымен жұмыс.</p>	<p>Мұғалім дұрыс жауабын тактаға шығарады.</p> <p>Баға қою ережесін көрсетеді.</p>	<p>Оқушылар дұрыс жауаптары бойынша өздерін тексеріп, өз бағаларын бағалау парақтарына қояды.</p>
	<p>1-кеспе қағазы:</p> <p>Модульде «ж» дыбысынан басталатын сөздерді есіңе түсір.</p> <p>(жаяу, жабдықталу, жанкүйер, жактау, жаттықтырушы, жөнделу, жым-жырт)</p>	<p>Мысалы:</p> <p>қате жоқ – 5.</p> <p>1 қате – 4.</p> <p>2 қате – 3.</p> <p>3 қате – 2.</p> <p>4 қате – 1.</p> <p>5 қате – 0.</p>	
	<p>2-кеспе қағазы:</p> <p>Сөздердің аудармасын тап:</p> <p>Соответствует современным требованиям.</p> <p>Читатель, заседание, клумба, выпускник, нежный.</p>		

12 мин.	Шығармашылық сайысы. «Кім шебер?» деп аталады. Флипчарттармен жұмыс. Әр топ модуль бойынша өз мектептері жайлы қағазға өз ойларын түсіреді.	Мұғалім оқушыларға флипчарт таратады. Тапсырманы оқиды. Әр топ модуль бойынша өз ойларын қағазға түсіреді. Бағалау (дизайн, шрифт, шығармашылық).	Оқушылар бірігіп, флипчартқа «Мектеп» туралы өз ойларын жазады.
5 мин.	5. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы. Әр топ бір-біріне бес мақал мен үш жұмбақ жасырады.	Мұғалім қадағалап отырады.	Оқушылар мақал бойынша алдымен басын айтады, екінші топ жалғастырады. Содан кейін жұмбақ жасырады.
3 мин.	Сергіту сәтін өткізу. «Сықыр шеңбері» ойыны.	Мұғалім тақтада шеңберді айналдыртып отырады.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.
	Тақтада шеңбер айналып тұрады, тоқтатқан жағдайда түрлі пәндер бойынша сұрақтар қойылады.	Оқушыларға сұрақтарын оқып отырады.	

5 мин.	III. Қорыту кезеңі: ИНСЕРТ әдісі арқылы сабақты қорыту. Тақтада кесте ілулі тұрады. Не білдім? Нені үйрендім? Не білгім келеді?	Мұғалім оқушыларға парақтарды таратады.	Оқушылар өз ойларын жазып, оқып шығады.
	IV. Үй тапсырмасын беру кезеңі: 1 мамыр, 9 мамыр мерекелері туралы қосымша мәлімет жинау, 5 етістікті жіктеу (рай бойынша).	47-48-беттер, 1, 2- тапсырма.	Оқушылар күнделіктерін ашып, үй тапсырмасын көшіріп жазады.
	Бағалау: Формативті бағалау негізінде жиынтық бағасын қояды.	Сабақ бойы жинаған бағалау парақтарына сүйеніп, жиынтық бағасын қояды. Талқылайды.	Бағалау парақтары бойынша сабақ бойы жинаған бағаларына назар аударып, өз бағаларын күнделікке қойдырады.
5 мин.	Рефлексия. «Сұрақтар вагоны» ойынын өткізу.	Мұғалім оқушылардың параққа жазған сұрақтарын тақтаға іліп, келесі сабақта талқылайтынын айтады.	Берілген парақтарға өз ойларын жазып, тақтаға іліп қайтады.

Назира КЕКІЛБЕКОВА,
Оңтүстік Қазақстан облысының
Шымкент қаласындағы
Хамза атындағы
№42 мектептің мұғалімі.

ЗАТ ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: зат есімнің мағыналық түрлерін игерту. **Міндеттері:** балалардың сыни ойлау дағдысын қалыптастыру; сауаттылыққа баулу; ұйымшылдық атмосферасын қалыптастыру.

Әдісі: деңгейлік тапсырмалар, ой қозғау, ДЖИГСО, антивирус, Дананың кілттері, семантикалық карта. **Көрнекілігі:** ИТ, постер, түрлі-түсті маркерлер, суреттер, магнитті түймелер, бағдаршам көздері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: *психологиялық дайындық, топқа бөлу.*

Магнитті түймелер көмегімен топқа бөлу.

II. Өткен сабақ: «Ғажайып қоржын» айдарымен деңгейлік тапсырмалар көмегімен өтілген тақырыптарға шолу жасау, пысықтау.

«Ғажайып қоржын»

10 10 10

20 20 20

30 30 30

1. Біріккен сөз дегеніміз не?

2. Қос сөз дегеніміз не?

3. Сөз жасам дегеніміз не?

4. Түбір және қосымша дегеніміз не?

5. Лексика нені зерттейді?

Омонимдер.

6. Атауыш сөз дегеніміз не?

Сөз таптары.

7. Қос сөз дегеніміз не?

8. Тіркесті сөз дегеніміз не?

9. Зат есімнің тұлғалық түрлері.

III. Жаңа сабақ:

Ой қозғау әдісімен жаңа сабақтың тақырыбын шығару.

ДЖИГСО әдісімен жаңа тақырып анықтамасын меңгерту.

«ДЖИГСО» әдісі – зат есімнің мағыналық түрлерінің анықтамасын оқу, түсіну, дәлелдеу.

ДЖИГСО әдісімен меңгерген анықтаманы постерге салып, қорғау.

Постермен жұмыс.

Жаңа сабақты семантикалық карта көмегімен пысықтау:

Мысалдар	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім
Ақпан				
Жасұлан				
Сезім				
Өзен				
Алтыбақан				
Шаттық				
Ой				
Көңіл				
Астана				
Әке				
Қалам				

Айша бибі				
Ауыл				

Топта жұптық жұмыс көмегімен сатылай кешенді талдау жүргізу:

Сатылай кешенді талдау		
Фонологиялық	Лексикалық	Морфологиялық
1. Буын. 2. Тасымал. 3. Екпін. 4. Буын үндестігі. 5. Дыбыс үндестігі: а) ілгерінді ықпал; ә) кейінді ықпал; б) тоғыспалы ықпал.	Тура мағына: Ауыспалы мағына: Синоним: Омоним: Антоним:	Құрамына қарай: Құрылысына қарай: Тұлғасына қарай: Лексикалық мағынасына: Грамматикалық мағынасына: Мағынасына қарай:

Дананың кілттері әдісімен жаңа тақырып негізінде шығармашылық жұмыс жүргізу:

Дананың кілттері.

112-жаттығу.

«Керісінше» кілті: «Тапқырлар» кілті:
Берілген сөздерді берілген сөздерге
тіркестіріп, шағын байланысты
мәтін құраңдар. мақал-мәтел, өлең табыңдар.

(Жұлдыз, дос, арман, бәйтерек, қыран, бақыт)

VI. Жаңа сабақты «Антивирус» әдісімен бекіту.

Антивирус.

Сөз ішінен зат есімнің мағыналық түрлеріне жатпайтын сөздерді тап.

V. Бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: 111-жаттығу. Зат есімдерді мағынасына қарай ажыратып жаз.

Оқушылардан кері байланыс алу:

Кері байланыс – «Бағдаршам».

Рая БАЙЖАНОВА,
Алматы қаласындағы
№5 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДЫҢ ӘДЕБИ ТІЛДЕСІМДЕ КӨРІНЕДІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: дұрыс тамақтанудың әдеби туралы түсініктер беру арқылы тілдесімге жетелеу.
Міндеттері: білімділік – сұраққа дұрыс жауап беру дағдыларын қалыптастыру; **дамытушылық** – сөйлем құрау қабілеттерін дамыту, қисынды ойлау қабілеттерін дамыту жолында жұмыс жасау; **тәрбиелік** – дұрыс тамақтану әдебін сақтау туралы тәрбиелік мәні бар әңгіме айту, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: тірек-сызбалар, маркерлер, флипчарттар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Білімділік міндеттері:

1. Сабақта жұмыс жүргізу үшін жалпы сыртқы жағдайды қамтамасыз ету;

2. Оқушыларды психологиялық түрде қарым-қатынасқа дайындау:

1. Сәлемдесу; 2. Оқушыларды түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.

Білімділік міндеттері:

1. Оқушылардың тапсырманы толық білуін, дұрыстығын, байыбына жетіп орындағанын анықтау;
2. Оқушылардың білімі мен іс-әрекетіндегі кемшіліктерді анықтау;
3. Үй жұмысын жасаудағы туған қиындықтардың себебін оқушылармен талдау;
4. Тексеру кезінде пайда болған олқылықтарды жою.
Ас туралы мақал-мәтелдер айту. «Миға шабуыл» стратегиясы.

1. Асхананың ас мәзірінде біріншіге не беріледі?
2. Екіншіге не беріледі?
3. Салқын тағамдарға не беріледі?
4. Ыстық сусындарға не беріледі?

III. Оқушының субъекті тәжірибесін өзектілеу кезеңі.

Жаңа сабақтың тақырыбы:

Білімділік міндеттері:

1. Оқушылардың оқу мотивациясын қамтамасыз ету.
2. Сабақ мақсатын анықтауға оқушымен бірлесе іс-әрекеттерді кірістіруді қамтамасыз ету.

Оқушылардың субъект тәжірибесін өзектендіру.

Модуль – «Асхана». Тамақтың адам денсаулығына тигізер әсері мол. Сабақтың тақырыбы: «Дұрыс тамақтанудың әдебі тілдесімде көрінеді».

IV. Жаңа тақырыпты оқып-білу кезеңі.

Білімділік міндеттері:

1. Оқушының оқу материалын қабылдауын, түсінуін, алғашқы есте сақтауын қамтамасыз етеді:
- Жаңа сөздер арқылы сөйлеу дағдысын қалыптастыру.
2. Оқушының мәтінді қорытындылауға мүмкіндік беретін әдіс, амалдарды меңгеруін қамтамасыз ету.

Сөздік жұмысы:

Тамақтану – питание;

Көрініс – сценка;

Дәрумендер – витамины;

Өз алдыңнан – возле себя;

Асықпау – не торопиться;

Ортақ ыдыс – общая посуда;

Қомағайлық – прожорливость;

Тауыса жеу керек – надо доесть;

Сақтау керек – нужно беречься.

V. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын алғашқы тексеру кезеңі:

Білімділік міндеттері:

1. Оқушының өткен оқу материалдарын дұрыс және саналы қабылдауын анықтау.

2. Оқушылардың өткен материалды түсінудегі олқылығын, қате қабылдауын айқындау.

3. Оқушының жаңа материалды түсініп қабылдауындағы анықталған олқылықтарға түзету жүргізу.

Оқушының субъект тәжірибесінің білім белгілері мен қатынасын қамтамасыз ету.

Топпен жұмыс:

1. Топ басшы;

2. Хатшы;

3. Хронометрист сайлау.

3-тапсырма (72-бет) Берілген тірек-сызба бойынша тамақтанудың әдебін сақтау туралы әңгімелеу. 79-сурет, 68-бет.

1-топ. Постер жасау, қорғау.

2-топ. Постер жасау, қорғау.

3-топ. Постер жасау.

- Тамақтың алдында және тамақтан кейін қолды жуу керек.

- Тамақты үлкеннен кейін бастау керек.

- Көпшілікпен бірге ішу керек.

VI. Жаңа білімді және іс-әрекеттер амалдарын бекіту кезеңі.

Білімділік міндеттері:

Өзіндік жұмыс жүргізуге қажетті оқушылардың білім мен іс-әрекет тәсілдерін бекітуді қамтамасыз ету;

Бекіту барысында оқушылардың өткен тақырыпты меңгеру деңгейінің жоғарылауына жағдай жасау;

Оқытылған материалды бекітуде оқушының жеке өзіндік тәсілдерін анықтауға жағдай жасау;

Білім бекітудегі жеке өзіндік әдістерді ескере отырып, оқытылған жаңа материалды бекітуді қамтамасыз ету.

VII. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын қорытындылау, жүйелеу кезеңі.

Білімділік міндеттері:

1. Оқушыларда жетекші білімнің біртұтас жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ету;

2. Оқушылардың пәнаралық және пәнішілік білімдерін анықтауын қамтамасыз ету;

3. Философиялық көзқарастардың түпкі негізін меңгеруге жағдайлар жасау.

Тапсырмаға 7 минут уақыт беріледі, хронометристер уақытты бағалайды, хатшы әр оқушының жұмысын қадағалайды, топбасшы басшылық жасайды. «Бағдаршам» стратегиясы.

«Жасыл- жақсы, сары-орташа, қызыл-нашар».

2-тапсырма. Сөйлемнің мағынасы дұрыс болмаса, үлгі бойынша дұрыс жазу.

ҮІІІ. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.

Білімділік міндеттері:

Оқушының білімді, іс-әрекет амалдарын меңгеру

сапасын анықтау;

Оқушы біліміндегі, іс-әрекет тәсіліндегі кемшіліктерді табу. Байқалған кемшіліктердің себебін анықтау.

6-тапсырма. Көп нүктенің орынына керекті сөздерді қою:

1. Дәрумендер; 2. Жұту; 3. Талғаммен; 4. Сапасына, құндылығына; 5. Тартынып.

IX. Түзету кезеңі.

Білімділік міндеттері:

Оқушы біліміндегі іс-әрекет амалдарында байқалған кемшіліктерді түзету;

«Синквейн» стратегиясы:

1. Тамақ.

2. Дәмді, сапалы.

3. Жеу, ішу, дайындау.

4. Тамақ- құнарлы болған жөн.

5. Денсаулық.

X. Үй тапсырмасы.

Білімділік міндеттері:

1. Оқушыларға үй жұмысының мазмұнын, орындау тәсілдерін түсіндіру.

Сөздік. 3-тапсырма (әңгімелеу, жазу). «Тамақтану әдебі».

XI. Сабақтың бағалау кезеңі.

Міндеттері: жеке оқушының және сыныптың жұмысына сапалы баға беру.

Бағалау.

XII. Рефлексия кезеңі.

Міндеттері: оқушының жеке көңіл-күй жағдайын, іс-әрекетін, оқушылармен мұғалімнің өзара қатынас рефлексиясына жағдай жасау.

«Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясы.

Гүлбану ЖҮНІСОВА,
Ақтау қаласындағы
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ МЕН ТАМЫР

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларды қазақ халқының ізгі қасиеттерімен таныстыру. **Міндеттері:** ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту, достық, адамгершілік, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, оқушылардың теориялық білімін арттыру, сұрақ-жауап, жаттығулар арқылы тіл дамыту, оқушылардың ойлау қабілетін, ой-өрісін кеңейту, сұрақтарға дұрыс жауап беруге, түсінгенін айтуға жағдай жасау, сөйлеу қабілетін қалыптастыру.

Түрі: жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** слайдтар, бейнетаспа, семантикалық карта, доп. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұхбат, іздендіру, ой қорыту. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, география, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру және өткен тақырыптарды қайталау:

1. Қазақстанның байырғы халқы кім?
2. Қазақ халқының тарихы қандай?
3. Халықты тану үшін нені білу керек?
4. Қазақ халқы қандай халық?
5. Қазақстан қандай мемлекет?

Семантикалық картаны толтыру:

	Кім-ге? Не-ден?	Қайт-пек? Не болмақ?	Кімі? Несі?	Кім-нің? Нешін-ші?	Қай-да? Қай-лай?
Бас-тауыш					
Баян-дауыш					
Анық-тауыш					
Толық-тауыш					
Пысық-тауыш					

III. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Тамыр. Сендерге тамыр деген сөз таныс па? Тамыр – а) корень (растения); ә) кровеносный сосуд; б) друг, приятель. Назарымызды бейнетаспаға аударайық.

- Тамыр деген ұғымға қазақ халқы ерекше мән береді. Халқымыз өздерінің дос-жарандарын, сыйлас, қимас адамдарын «тамырым» деп атаған. Тамырларың көп болсын!

Сөздікпен жұмыс.

Тамыр – преданный, истинный друг;

Жан жуымас – обходят стороной;

Бір кісілік орын бар – везде есть место;

Сөзінен айнымайтын – человек слова;

Мүмкіндігі болса – по возможности;

Ұзамай – вскоре;

Тыным таппайды – работал не покладая рук;

Балаларыңның қызығын көр – радости в детях желаю.

Мәтінмен жұмыс.

Мәтінді оқу, мазмұнын ашу, сұрақтарға жауап беру.

1. Қазақтар арасында өзге ұлттардың еркін, бейбіт өмір сүруін немен түсіндіруге болады?

2. Иван ата қандай адам?

3. Қазақтар Иван атаға ризашылығын қалай білдіреді?

- Балалар, сонымен қазақ халқы қандай екен?

Бұл қазақ қандай қазақ?

Көңілі дархан қазақ

Бұл қазақ қандай қазақ?

Keң пейіл, ақ дастархан жайған қазақ.

1-тапсырма. Жоспарды реттеп жаз.

Жоспар:

1. Тамыр, саған рахмет!

2. «Жаманға жан жуымас».

3. Иван ата – әділ адам.

4. Диірменшінің еңбегі.

2-тапсырма. Мәтіннен мақалдарды теріп жазып, мағынасын түсіндір.

1. Жаманға жан жуымас.

2. Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар.

3. Жақсы – көпке ортақ.

Сергіту сәті: «Бұйрықты орында».

Жаттығу жұмысы.

Шартты белгілердің орынына тиісті сөйлем мүшесін қойып, сөйлемді толықтыр.

1. Көрші үйде менің тамырым ...

2. ... – айтқан сөзінен айнымайтын адам.

3. Иван ата ... адам болатын.

4. Атамыз ... қатты ұнады.

5. Атам ... жұмыс істеді.

IV. Бекіту.

5 жолды өлең:

1. зат есім – *Иван*.

2. сын есім – *еңбекқор адам*.

3. етістік *көмектеседі, жұмыс істейді, тыным таппайды*.

4. сөзден тұратын сөйлем – *Иван қазақтарға қатты ұнайды*.

5. мәндес сөз – *диірменші*.

- **Балалар, сендер тамыр сөзіне 5 жолды өлең құрастырыңдар.**

1. Тамыр.

2. Жанашыр, шыншыл.

3. Ойлайды, жәрдемдеседі, бөліседі.

4. Тамырым бесінші мектепте оқиды.

5. Дос.

V. Қорыту. «Әр әріптен жаңа сөз» ойыны. «Тамыр», «ортақ».

- **Балалар, сабағымыздың мақсатына жете алдық па? Қазақ халқының ізгі қасиеттерінен үлгі аласыңдар деп ойлаймын.**

Қазақстан дейтін менің бар елім,

Жатыр алыр жарты дүние әлемін!

Бұл даланы амам жаспен суарған,

Бұл далада атам қолмен ту алған,

Бұл далада жылап келіп, қуанғам,

Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,

Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

(Қ.Аманжолов).

VI. Оқушылардың білімін бағалау.

VII. Үйге тапсырма. Жоспар бойынша мәтінді әңгіме-мелеу, «Менің тамырым» тақырыбына шағын шығарма жазу.

Сұлушаш АХМЕТЖАНОВА,
«Қосшы» орта
мектебінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
«Қосшы» ауылы.

ТІЛ БАЙЛЫҒЫНДА – МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФИГУРАЛАР

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: математикалық фигуралардың атауларын үйрету. **Міндеттері:** білімділік – жаңа сөздерді қолдана білуге үйрету, жуан және жіңішке сөздерді ажырата алуға машықтандыру; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту; ауызекі сөйлеу тілін дамыту; пішіндер мен сызықтардың қазақ тіліндегі атауын меңгерту; **тәрбиелік** – сауатты әрі көркем жазуға баулу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Кезекшімен әңгіме. Оқушыларды түгелдеу. Әнұранды орындау.

II. Үй жұмысын тексеру.

Сан есімдердің атауын, жаңа сөздерді жаттау.

-Балалар, өткен сабақта сан есімдердің атауларын үйрендік, естерімізге түсірейік:

10 – он, 20 – жиырма, 30 – отыз, 40 – қырық, 50 – елу, 60 – алпыс, 70 – жетпіс, 80 – сексен, 90 – тоқсан, 100 – жүз, 200 – екі жүз ... 1000 – мың ... 9000 – тоғыз мың.

Жаңа сөздермен сөйлемдер құру керек еді, кім оқиды? 5 сөйлемнен.

Үлгі: Екі саны бірден артық.

III. Жаңа сабақ.

- Жақсы, үй жұмысын тексердік. Тақырыбымызға көшейік: тақтада бірнеше математикалық фигуралар (пішіндер) бейнеленген. Мүмкін біреулерің атауын білетін шығарсындар?

Фигуралар



шаршы үшбұрыш тіктөртбұрыш шеңбер дөңгелек
Сызық түрлері:

түзу үзік ирек нүктелі сынық

Жаңа сөздер:

түзу – прямая;

үшбұрыш – треугольник;

үзік – пунктирная;

шаршы – квадрат;

ирек – волнистая;

тіктөртбұрыш – прямоугольник;

нүктелі – точечная;

шеңбер – окружность;

сынақ – ломаная;

дөңгелек – круг.

Жаңа сөздерді жеке, хормен айту.

- Балалар, бүгін сабағымызда кім дұрыс әрі жылдам жауап берсе, сабаққа белсене қатысса, сол оқушы фигуралар жинайды. Сабақтың соңында жиналған пішіндер бойынша бағаланады. Қызыл төртбұрыш – «5», көк шаршы – «4», жасыл шеңбер – «3». Және де топпен жұмыс істейміз. Әр топ өзінің тапсырмаларын орындайды.

- Қане, біздің сыныпта дөңгелек пішінді қандай нәрселер бар?

- Шаршы пішінді нелер бар?

- Тіктөртбұрыш пішінді нелер бар?

- Ал, енді тапсырмаларға көшейік.

Топтық жұмыс.

- Балалар, сендер екі топқа бөлініп отырсыңдар. Біріншіден топтың атауын айтыңдар. Яғни, өз топтарыңа ат қойыңдар. Топтың атауы математикалық фигура болсын. 1-топ – «Шаршы»; 2-топ – «Дөңгелек».

Біздің суреттердің артқы жағында тапсырмалар бар. Суретті алып, тапсырманы оқып орындау қажет. Біріншіден, пішіндердің қай түріне жататынын айтыңдар, кейін берілген тапсырманы орындайсыңдар. Әр топ екі парақтан алады.

1. Берілген сөзді буынға бөлу: Мерекелер – 4 буын. Ме – ре- ке - лер.

2. Үшбұрыш сөзімен сөйлем құру. Маринада 2 үшбұрыш бар.

3. Тіктөртбұрыш сөзін тақтаға жазу, жуан дыбыстарды бір сызықпен, жіңішке дыбыстарды екі сызықпен сызу.

Сөйлемді аудару: Кеше бізде бес сабақ болды. Вчера у нас было 5 уроков.

- Енді, кітаппен жұмыс істейік. Дәптерлеріңді ашыңдар, бүгінгі күнді жазыңдар. Бүгін – қазанның сегізі. Кітаптарыңды ашыңдар.

1-жаттығу. Сөздерді буынға бөліп, көшіріп жазу. Әр топтан бір адамнан шығады.

Өшіргіш, сызық, сызғыш, қарындаш, сызу, қағаз, нүктелі, дөңгелек, үшбұрыш, ирек, үзік, пішін.

Үлгі: ө-шір-гіш, сы-зық, сыз-ғыш.

Сергіту сәті:

Санамақты айтқызу:

Оң қолымда – бес саусақ,

Сол қолымда – бес саусақ.

Қосып едім екеуін,

Болып шықты он саусақ.

Оң аяқта – бес бәшпай,

Сол аяқта – бес бәшпай.

Қосып едім екеуін,

Болып шықты он бәшпай.

Он саусақ пен он бәшпай

Бәрі таза, бәрі ай- ай.

2-жаттығу. Керекті сөздерді қойып жазу (16-бет). Әр топтан бір адамнан шығыңдар.

Мен 4-сыныпта оқимын. Біздің сыныпта жиырма оқушы оқиды. Жылдың төрт мезгілі бар. Мен сызғышпен үшбұрыш сыздым. Математика сабағында біз есеп шығарамыз. Менің інім төртбұрыш сызды.

3-жаттығу. Сөздердің аудармасын табу. Ватманға фигуралардың суретін салу. Қай топ жылдам орындайды. Әр сөзбен сөйлем құру.

Түзу – прямая;

Шаршы – квадрат;

Үшбұрыш – треугольник;

Дөңгелек – круг.

IV. Тақырыпты бекіту.

Сұрақтарға жауап беру:

4. Сызық түрлерін және математикалық фигураларды атаңдар.

Қай топ жылдам әрі дұрыс жауап береді.

Берілген сөздерден бірнеше сөздерді құру (ватманға сөздер құрастырып жазады).

1-топ – нүктелі.

2-топ – үшбұрыш.

Бағалау. Жиналған фигуралар бойынша бағаланады.

Үйге тапсырма беру.

Гүлден ӘБДІРАХМАНОВА,
Астана қаласындағы
№21 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖЕМІСТЕР ЖЕҢІСІ – ТІЛДЕСІМ

Сабақтың мақсаты: тілдесім әрекетін жандандыру.
Міндеттері: білімдік – оқушылардың 1-сыныпта алған білімдерін қайталап, қосымша атаулар беру; **тәрбиелік** – жемістерді жуып, тазалап жеу жайлы, пайдасы туралы тәрбиелік әңгіме жүргізу; **дамытушылық** – айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттері арқылы тілдесім әрекетін дамыту.

Әдісі: түсіндірмелі, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.
2. Үй жұмысын тексеру.
3. Жаңа сабақ.
4. Қорытындылау.
5. Бағалау.
6. Үйге тапсырма.

Пәнаралық байланыс: бейнелеу, әдебиет.

Көрнекілігі: себет, муляж (жемістер), суретті плакаттар.


Ұйымдастыру:

1. Бүгін нешесі?
2. Аптада неше күн бар?
3. Аптаның қай күні?
4. Неше жыл мезгілі бар?
5. Қазір қай жыл мезгілі?
6. Бүгін ауа райы қандай?

7. Жерде не жатыр?
8. Қардың түсі қандай?
9. Бір жылда неше ай бар?
10. Қазақстан Республикасының рәміздерін кім атап береді?

Үй жұмысын тексеру: «Нан иісі» өлеңін оқу.

Жаңа сабақ:



Сөздікпен жұмыс.

Тәрбиелік әңгіме айту.

Сөздерді айту, тілдерін жаттықтыру, дәптерлеріне жазғызу:

алма – яблоко, алмұрт – груша, өрік – абрикос, жүзім – виноград, алхоры – слива, шие – вишня, анар – гранат, шырынды – сочный, тәтті – вкусный.

Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? *Оның нешеуі қазақ тіліне тән?*

Тақтамен жұмыс: жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыру.

Дәптермен жұмыс: а) Жазған сөз тіркестерін буынға бөліңдер.

Кызыл алма, тәтті алмұрт, шырынды өрік, қара жүзім, көп шие.

ә) Фонетикалық талдау.

Өрік – 2 буын, жіңішке сөз;

Ө – дауысты дыбыс, жіңішке;

Р – дауыссыз дыбыс;

І – дауысты дыбыс, жіңішке;

К – дауыссыз дыбыс.

Кітаппен жұмыс: 95-бет, 3-тапсырма.

Сөйлесуді жолдасыңмен оқы, аудар.

Суретпен жұмыс: сурет салу, жемістер туралы әңгімелеу.

Ойын ойнау: «Қайталай ғой» (есте сақтау қабілетін тексеру), жаңа сөздерді қорытындылау.

Сөзжұмбақ шешу:

					Ж	ү	з	і	м	
		ш	и	Е						
		а	л	М	а					
		ө	р	І	к					
а	н	а	н	а	С					
а	л	м	ұ	р	Т					
			а	п	Е	л	ь	с	и	н
	а	л	х	о	Р	ы				

Жауабы:

1. Виноград.
2. Вишня.
3. Яблоко.
4. Абрикос.
5. Ананас.
6. Груша.
7. Апельсин.
8. Слива.

Ойын ойнау: «Жоғалған жеміс».

Шашылған жеміс, көкөністерді оқушылар себетке жинайды.

Қорытындылау:

– Қандай тақырып өттік?

– Жемістің түрлерін атаңдар.

– Жемістерді жеу алдында не істеу керек?

– Бүгінгі сабақ қызықты өткен болса – қызыл алма іліңдер, егер сабақ қызықсыз өтті десеңдер жасыл алма іліңдер. Жеміс ұсыну.

Бағалау: Әр балаға баға қою.

Үйге тапсырма беру.



Күлжамал НҰРАХМЕТОВА,
Астана қаласындағы
№ 21 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

САУАТТЫЛЫҚ ПЕН НАҚЫЛ СӨЗДЕР

(11-сынып)

Мақсаты: сауатты жазуға және сауатты сөйлеуге үйрету. **Міндеттері:** білімділік – сын тұрғысынан ойлай отырып, тадау жасауға үйрету арқылы жаңа білім беру, қанатты сөздердің айырмашылығын айқындай білуге үйрету; **дамытушылық** – есте сақтай білу, ойлай білу қабілеттерін, тілдік қорды дамыту; **дағды** – алған білімдерін жазылым мен айтылымда қолдана білуге дағдыландыру.

Түрі: дәстүрлі. **Типі:** аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндірмелі, талдамалы. **Пәнаралық байланыс:** ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті. **Тәрбиелік мәні:** әдебиет пен қазақ тілі арқылы білімге деген көзқарасын қалыптастыру. **Грамматикасы:** 1) синтаксис – сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, 2) морфология, жұрнақ пен жалғау түрлері.

Технологиясы: «Сын тұрғысынан ойлау».

Қолданылатын стратегиялар: ой шақыру, ой топтастыру, Венн диаграммасы, ой-толғаныс.

Орындалатын жұмыс түрлері: оқылым – мәтіндер, сөйлемдер, жазылым – «ой топтастыру» мен «Венн диаграммасы», айтылым – «ой топтастыру» мен «Венн диаграммасында» жазғандарын айту.

Ұйымдастыру кезеңі: амандасу, түгелдеу, сабаққа дайындығын тексеру, сабақтың мақсатымен, барысымен таныстыру, топқа бөлу.

Ой шақыру:

- 1) Қанатты сөздердің қандай түрлерін өттік?
- 2) Тұрақты тіркес дегеніміз не? (мысал келтіру керек).
- 3) Мақалдың өзіндік ерекшеліктері қандай?
- 4) Мәтелдің өзіндік ерекшеліктері қандай?

Жаңа тақырып: Нақыл сөздер (міндетті түрде мәтін таратылып, мәтінмен танысуға уақыт беріледі).

Мәтін бойынша сұрақтар:

- 1) Нақыл сөздер қайда жиі кездеседі?
- 2) Нақыл сөздер неге ұқсас?
- 3) Нақыл сөздерден артына кімдер мұра қалдырған?
- 4) Нақыл сөздер ғылыми тілде қалай аталады?
- 5) Нақыл сөз бен мақал-мәтелдің ұқсастығы неде?

б) Нақыл сөз бен мақал-мәтелдің айырмашылығы неде? (жауабын мәтіннен тауып оқулары керек).

Ой топтастыру: мәтінді оқыту, азатжол бойынша бөлімге бөлу, бөлінген бөлімдерге атау беру, әр топ өзіне берілген азатжолды аударады, есте сақтау бойынша мәтінді баяндайды.

Кестемен жұмыс: берілген кестелермен танысады.

Кесте бойынша сұрақтар: 1) жалғаудың сандық түрі мен атауларын айтқызу; 2) септіктің жалғаулары мен сұрақтарын сұрау; 3) жұрнақтың түрлерін және атқаратын қызметін айтқызу.

Мақал-мәтелдермен жұмыс: 1) оқыту; 2) түсінгенін айтқызу; 3) тұрлаулы мүшелерді тауып, сөз құрамына талдату.

Венн диаграммасы: 1) мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді салыстырмалы түрде талдап, айырмашылығы мен ұқсастығын айқындау.

Ой-толғаныс: мақал-мәтел мен нақыл сөздердің тәрбиелік мәніне шағын пікірлер жазғызу.

Қорытындылау:

- 1) Синтаксистен нені қайталадық?
- 2) Морфологиядан нені қайталадық?
- 3) Қанатты сөздерден нені қайталадық?
- 4) Қанатты сөздің қай түрін қайталадық?
- 5) Мақал-мәтел туралы кім айтады?
- 6) Қанатты сөздер жайында кім айтады?

Үй тапсырмасы: Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезов афоризмінен 5-6 нақыл жаттау, афоризмдерге синтаксистік және морфологиялық талдау жасау.

Бағалау: орындаған жұмыс түрлері мен берген жауаптарының деңгейіне қарай бағалау.

Назгүл ФАЗЫЛОВА,
Астана қаласындағы
№21 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

СУРЕТ КӨРМЕСІНДЕ – ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ

Сабақтың мақсаты: оқушы назарын аударатын суреттерді таныстыру арқылы қазақ тілі сабағына деген құлшынысын арттыру. Суреттерді атау арқылы оқушының есте сақтау, сөйлеу, ойлау әрекетін жүзеге асыратын қабілеттерін дамыту. Тілге құрмет, елге құрмет көрсетуге үйрету, тәрбиелеу.

Сабақтың міндеттері: білімділік – ашық сабақ арқылы оқушылардың сезіміне, санасына суреттердің өмірімізде алатын орыны жайлы мән беру, білім беру; **дамытушылық** – сурет көрмесі арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту. Танымдық белсенділігін арттыру, тілдік қорын молайту, алған білімін жаңа жағдайда пайдалана білуге баулу; **тәрбиелік** – мектеп, қоршаған ортасына, қазақ тілі пәніне сүйіспеншілігін арттыра тәрбиелеу. Мемлекеттік тілді сүйуге баулу.

Типі: білімді жинақтау. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Пәнаралық байланыс:** әдеп, сурет сабағы, орыс тілі, т.б. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, іздендіру, жекеше топтық жұмыс, практикалық жұмыс, магнитофон.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- а) Сәлемдесу: - Сәлеметсіздер ме? Отырыңдар.
- ә) Әнұранды орындау.
- б) Сабаққа деген дайындығын тексеру.

II. Үй тапсырмасын сұрау кезеңі:

Үй тапсырмасын дәптерлерінен тексеру.

III. Дәстүрлі сабақты меңгерту кезеңі:

а) Сабақ мақсатымен таныстыру.

- Балалар, бүгін біздің сабағымыз басқа сабақтардан ерекше өтеді. Ашық сабағымыздың мақсаты – қазақ тілі арқылы суреттердің түрлерін ажырату, суретке байланысты өлеңдерін тыңдау болып табылады.

ә) Жаңа сөздерді меңгерту:

Сурет – рисунок, мектеп – школа, кітап – книга, қалам – ручка, көрме – выставка, жануарлар – звери, қоян – заяц, керік – жираф.

б) Суреттер жайлы слайд-шоу көрсетіп, әр суреттің атауларын атау. Әр оқушының түсінгенін сұрау.

в) «Кім табады?» атты ойынын орындау.

Өлеңді тақтаға жазып, оқып, жауабын тауып, керекті суретті ілгізу немесе жапсыру.

Мысалы:

Кіп-кішкентай,

Үнемі

Шәу-шәу етіп үреді.

Інге бұғып кей-кезде,

Кейде ойнақтап жүреді.

Кім туралы жазылған? Жауабы: (Күшік немесе ит).

Бұл – биік жануар,

Сарғыш – қоңыр дағы бар.

Аяғы төртеу, мойыны ұзын,

Жаңылыспай танып ал. Бұл не? (керік).

г) «Өзіңді тексер, жаз!» атты тапсырманы жазбаша орындау.

д) Сергіту сәтін орындау. Ақырын бастап, әр қайталаған сайын сергіту сәтін жылдам жасау.

«4 қадам алға, 4 қадам артқа, айналып, айналып, бір қол соғамыз, иықпен билейміз, бір орында секіреміз».

IV. Сабақты бекіту кезеңі:

а) «Бұл қандай сурет?» атты ойын түрін өткізу. Суреттердің атаулары дұрыс немесе бұрыс екенін орындау.

Мысалы: Мынау – қолғап. Дұрыс па? Әлде бұрыс па?

Мынау – құлақшын. Дұрыс па? Әлде бұрыс па?

Мынау – етік. Дұрыс па? Әлде бұрыс па?

Мынау – шәлі. Дұрыс па? Әлде бұрыс па?

Мынау – тон. Дұрыс па? Әлде бұрыс па?

Мынау – пальто. Дұрыс па? Әлде бұрыс па?

ә) «Сөйлем құр!» атты тапсырманы жазбаша орындау.

1 әдемі 1 доп 1 Астана

2 2 2

3 3 3

V. Сабақты қорыту:

- Сонымен, оқушылар, біздің ашық сабағымызда нені ұғып, есте сақтадыңдар?

- Енді бір-бірімізге «Бір құшақ жылы сөз» сыйлап, ойларымызды ортаға салайық!

- Жалпы, біздің сабақ ұнады ма?

VI. Үйге тапсырма беру кезеңі:

- Оқушылар, күнделіктеріңді ашып, үй тапсырмасын жазыңдар. Ауыл суретін салу.

VII. Сабақты аяқтау және бағалау:

- Бүгінгі біздің ашық сабағымыз аяқталды. Барлықтарыңа жақсы және өте жақсы деген бағаны қоямын. Сау болыңыздар!

Ләтипа ЕРСАЙЫНҚЫЗЫ,
№3 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Іле ауданы,
«Жетіген» ауылы.

ҚАЗАҚШАҢЫЗ ҚАЛАЙ?

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың таным дүниесін кеңейту; 2) оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту; 3) оқушылардың еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін ояту.

Типі: дәстүрден тыс сабақ.

Әдісі: ой қозғау, топтық жұмыс, іздендіру.

- Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Біздің сайыс сабағымызға қош келдіңіздер!

Ана тіліміздің құрметіне арналған «Қазақшаңыз қалай?» атты сайысымызды бастаймыз. Бүгін біз «Мемлекеттік тіл сағаты» деген тақырыпқа сыр шертейік.

– Шалқытып мерекеде ән салайық

Өнерпаз өрендерге тамсанайық.

Әділдік пен шындықты арқа тұтқан

Әділқазы алқасын таныстырайық.

Сіздердің алдарыңызда – сайысқа қатысатын «Сұңқар» тобы және «Тұлпар» тобы. Топ жетекшілерімен танысыңыздар.

I. «Көркем сөз» сайысы.

«Мемлекеттік тіл – ортақ» – үй тапсырмасы. Жатқа

мәнерлеп өлең оқу.

Мұғалім:

- Ана тілім – менің арман-тілегім,

Ана тілім – соғып тұрған жүрегім.

«Адамға екі нәрсе тірек тегі, бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» деп Жүсіп Баласағұни бабамыз айтқандай, кез келген мемлекетіміздің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, ерекшелігі де – сол елдің ана тілі болмақ.

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте! (Қадыр Мырза Әли).

«Көп тіл білсең – көкжиегің кең болар,

Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қай елдерде жүрсең де бұл, дұрысы –

Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар»,– деген ақын ойлары жүрек қылын қозғайды.

Ән шырқайық бәріміз: «Анамның тілі» әні.

II. «Бәйге».

Әр топ сұрақтарға жауап береді. Егер 1-топ жауап бере алмаса, 2-топ сұрақтың жауабын айтуына болады.

1. Қазақстан қандай мемлекет?

1. Қазақстанның елордасы?

2. Қазақстанның мемлекеттік тілі?

2. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

3. Республиканың рәміздері?

3. Ұлттық музыкалық аспап?

4. «Тәуелсіз» сөзінің аудармасы қалай?

4. Қазақстанда қанша облыс бар?

5. Біз қай ғасырда өмір сүріп жатырмыз?

5. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

6. Қазақстанда қанша адам тұрады?

6. Сендер қай облыста тұрасыңдар?

7. Тәуелсіздік күні қай күн?

7. Мемлекеттік туды бейнеленген құс?

Ән шырқаймыз бәріміз: «Жаса, Қазақстан!» әні.

III. «Сөздің көркі – мақал». – Жаттаған, білетін мақал-мәтелдеріңіз болса, еске түсірелік.

Кім суырылып бастайды екен?

1. Тілі байдың ойы – бай.

2. Әркімнің өз жері – өзіне жұмақ.

3. Отан – алтын бесік.

4. Туған жерге туың тік.

IV. «Қос тіл – қос қанатың».

Сөздердің аудармасын табу:

Жалау –

Күн –

Қыран –

Атамекен –

Елтаңба –

Суверенный –

Патриотизм –

Намыс –

Халық –

В своей стране –

V. «Кім жаңылыспайды?»

Тау дәу болады, Шыжып жатты шұжық,

Дәу тау болады. Шұжық ақты шыжып.

VI. «Ой-толғаныс».

Мен сендерге ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңін оқып берейін.

«Отан туралы»

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,

Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем...

- Бұл өлең не туралы?
- Туған жер, Отан туралы.
- Отан деген не?

Өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

Оқушылар «Отан, Астана, Алматы» туралы өлеңдер оқиды.

Мұғалім:

- Отан – осы, достарым,
Көңілге мұны түйе біл.
«Отан» – деп өс, жас қауым,
Оны ардақтап, сүйе біл.
Ән шырқайық бәріміз: «Отан» әні.

VII. «Сикырлы сандар».

Бұл кезеңде 10 санына төртеу, 20 санына төртеу ілінеді. Әр санның артында пәннің аты жазылады. Ұпай саны өзі таңдаған сан болып есептеледі.

20 ұпайдың сұрағы. Қазақ тілі.

1. Қазақ тілінде қанша жалғау бар?
2. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

20 ұпайдың сұрақтары. Тарих.

1. «Алтын адамды» қай жерден тапты?
2. Қазақстанның Ата Заңы күні қай күн?

10 ұпайдың сұрақтары. География.

1. Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде нешінші орын алады?

2. Қазақстан қанша елмен шектеседі?

10 ұпайдың сұрақтары. Музыка.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұран авторлары кім?

2. Қобызда ойнаған күйші?

VIII. «Синквейн» кестесі. 5 жол өлең.

Қазақстан.

Адам баласы қанша елінен алыс жүрсе де оның алпыс екі тамыры «Туған жер» деп соғады. Біз осындай отанымызбен мақтануымыз керек, оны қадірлей білуіміз керек.



Айгүл ЖҮНІСОВА,
Астана қаласындағы
№21 орта мектептің мұғалімі.

ӘДЕПТІЛІК ПЕН АДАМГЕРШІЛІК ҚОНАҒЫ – БІЛІМДІЛІК

Мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, сүйіспеншілікке, еңбексүйгіштікке, өз халқының салт-дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуы керектігі туралы білімдерін қалыптастыру; адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным-белсенділігін арттыру.

Сабактың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Әдептілік, адамгершілік туралы сұрақ-жауап:

- Әдептілік дегеніміз не? Оны қалай түсінесің?

- Әдепті бала қандай болу керек деп ойлайсың?

- Әдепті болғың келе ме? Әдептілікті бізге кім үйретеді?

- Әдепсіз адам қандай болады?

Демек, адам бойында жақсы-жаман қасиеттер болады екен. Міне, осындағы адалдықты, қарапайымдылықты, кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты ата-бабаларымыз, тәрбиеші-ұстаздарымыз үйретеді. Ал біз осындай жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез, әдеттерден, ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысамыз. Ал, енді, ақылды, әдепті балалар қандай болуы керек екенін біз мына өлең жолдарынан тыңдайық:

1-оқушы:

- Ата-ананың тілегі – адам болып өскені,
Адамдықтың тірегі – адал болып өскені.

2-оқушы:

- Әдептілік дегенің – әрқашанда керегің.
Әсемпаздық дегенің – әуре-сарсаң, әлегің.

3-оқушы:

- Спортпен айналыс, сұлулық сыйлаған,
Сол саған пайдалы іс сауық пен кинодан!

4-оқушы:

- Тәртіпті бала сүйеніш,
Төбең бір көкке жетеді!
Тәртіпсіз бала күйініш,
Төмендеп басың кетеді!

Сұрақ-жауаптар:

1) Суреттер бойынша әңгімелеу.

(Адамгершілік, сыпайылық, қарым-қатынастарға бағытталған суреттер).

2. «Жалғастыр» ойыны.

а) Не істеуге болмайды? Осы сөз үлкен етіліп көрсетіледі. Мұғалім басқы сөзін айтады, оқушы ойланып жалғастыруы керек.

- Үлкендердің алдынан кесіп өтуге болмайды;

- Кішкентай баланы жылатуға болмайды;

- Құстарды атуға болмайды;

- Қыз баланы ренжітуге болмайды;

- Сабаққа кешігуге болмайды;

- Сыныпта айқайлауға болмайды; т.с.с. жалғастырып айтады.

б) «Не істеу керек?» деп жазылып көрсетіледі:

- Үлкендерді сыйлау керек;

- Үлкендердің тілін алу керек;

- Кішілерге қамқор болу керек.

- Әдептілікті сақтау керек.

Концерттік бағдарлама:

1. «Жорға» биі. Орындайтын ұлдар тобы.

2. «Аққулар» биі. Орындайтын қыздар тобы.

3. Көрініс: Ана мейірімі.

Құпия хаттарға жауап беру. (Хаттарды қатарынан қойып, бір оқушы шығып, дауыстап оқиды. Қалғандары ойланып, жауабын айтады).

1-хат. Құрметті достар!

Менің көршімнің бір баласы бар. Өзі өтірікші, көзбе-көз өтірік айта қояды. Маған күнде келіп ойнағысы келеді. Менің онымен ойнағаным дұрыс па?

2-хат. Құрметті достар!

Менің бір досым бар. Өзі мақтаншақ, ойнап жүргенде үй-ішін айтып, жаңа нәрселерін көрсетіп, кішкентайларды қалай ренжіткенін айтып ылғи мақтанады. Мен онысын ұнатпаймын. Бірақ ойынды жақсы ойнайды. Мен осы баламен дос болайын ба, айтыңдаршы?

Қорытынды: сабақты қорытындылай келе, оқушыларды адалдыққа, инабаттылыққа, шыншылдыққа үйрете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді енді ажырата аласыңдар деген ойдамын.

Сәуле МЕДЕУОВА,
Павлодар қаласындағы
№7 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

(8-сынып)

I модуль. Білім.

Білім не үшін керек?

Оқушылардың негізгі ісі – мектепте білім алу. Білім саған және сенің бүкіл еліңе қажет. Біздің елімізге өте білімді **адамдар** керек. Олар: маман жұмыскерлер, шебер инженерлер, дарынды ғалымдар. Оларды мектеп **тәрбиелейді**. Олар кімдер? Олар: сенің достарың және сен. Сендер ер жетіп, үлкен азамат боласыздар. Сендерге халқың, **Отаның** үлкен сеніммен қарайды. Сендер оларға өте керексіңдер.


Сауатсыз, жалқау адамдар ешкімге де керек емес.

Жақсы өмір сүру үшін жақсы еңбек ету керек. **Жақсы** еңбек ету үшін тиянақты білім керек. Білу үшін оқу керек.

1. Мәтінді оқыңдар. Мәтінге сұрақтар қойыңдар.

2. Мәтінді пайдалана отырып, сөйлем мүшелерінің астын сызыңдар.

3. Кестені толтырыңдар:



4. Берілген сөзге дыбыстық талдау жасаңдар: Сауатсыз.

5. Қарамен жазылған сөздерді формалдық белгілері арқылы қай сөз табына жататынын анықтаңдар және осы сөздермен мақал-мәтелдерге мысал келтіріңдер.

I модуль. Білім.

Жаңа типті қазақ мектебі

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың тұңғыш педагогі, демократ-ғалым, ақын әрі жазушы, ауыз әдебиетін зерттеуші, этнограф.

Ы.Алтынсарин өз бетімен оқып, білім алған. Орыс әдебиетін көп оқыған. Халыққа білім беруді арман етті.

Ыбырай Алтынсарин Торғай даласындағы ауылдарды аралап, мектеп ашуға қаражат жинады.

1863 жылдың аяғында Ыбырай жобалаған мектептің құрылысы аяқталды.

Ы.Алтынсарин өзі қазақ арасында тұңғыш рет ашқан мектепті сол кездегі орыстың озық педагогикасы тұрғысынан құрды. Ыбырай жаңа типті қазақ мектебін ашты. Ол қажымастан еңбек етіп, үлкен табысқа жетті. Ы.Алтынсарин қазақ даласында қазақ балалары үшін

ашылған мектептің негізін салушылардың бірі болды.

I тапсырма: Сұрақтарға жауап бер:

1. Ыбырай Алтынсарин кім?
2. Ол не үшін қаражат жинады?
3. Жаңа типті мектеп қай жылы ашылды?
4. Ол қандай мектеп ашты?

II тапсырма. Мәтінді қысқартып, мазмұнда.

1. Негізгі ақпаратты көрсететін элементтерді тап.
2. Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді түсіндір.
3. Артық ақпаратты қалған сөйлемдерден тап.
4. Маңызды ақпарат бар сөйлемдерді тауып, сөйлемдерді, азатжолдарды, мәтіннің кейбір бөлшектерін қысқарт.

III тапсырма. Жұмбақтардың шешімін табыңдар.

1. Білімнің жолбасшысы,
Шәкірттің қолбасшысы,
Бұл кім?
2. Білімнің дәнін тереді,
Балаға тәлім береді.

IV тапсырма: Сөйлемдерді пәндердің атауымен сәйкестендір.

№	Сөйлемдер	Пәннің аты
1.	Бұл сабақта біз өлең айтамыз. Атақты адамдардың өмірбаянымен және шығармашылық жолымен танысамыз.	Әдебиет Тарих Ән сабағы Математика
2.	Есеп шығарамыз, санаймыз, бақылау жұмысын жазамыз.	
3.	Бұл сабақта біз баяғы кездегі оқиғалармен танысамыз.	
4.	Бұл сабақта біз заттардың құрылысымен, элементтермен танысамыз.	

II модуль. Тіл.

Қазақ тілі туралы


Тіл – өте маңызды құрал. Тіл болмаса, адам өз ойын біреуге жеткізе алмас еді, біреудің ойын түсіне де алмайтын еді. Тіл арқылы біз білім аламыз, мамандыққа үйренеміз. Өткен тарихымыз, халқымыздың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері бізге тіл арқылы жетеді.

Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Адам мәдениетінің алғы шарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге, сөйлей білу де – өнер. Тілін білмеген – түбін білмейді.

Қазақ тілі – өте бай әрі көркем тілдердің бірі. Ол Қазақстанда 1989 жылы мемлекеттік мәртебе алды.

Елімізде тұратын барлық ұлттар мәдениетін, білімін, достығын жоғарылатқысы келсе, қазақ тілін білуі керек. «Қос тіл – қос қанатың» деген нақыл сөзді әр уақытта есте сақтау керек.

I тапсырма: Берілген қиықшаларға мәтіннің ішінен тиісті сөз тіркестерін жазыңдар.



II тапсырма: Мәтіннің ішінен берілген сөздерге синоним және антоним теріп жазыңдар, сол сөздермен сөйлем құрастырыңдар.

Синоним	Антоним
Адам –	Бай –
Халық –	Білу керек –
Әдет-ғұрып –	Сөйлеу –
Көркем –	Түбі –
Уақыт –	Достық –

II тапсырма: Мәтіндегі берілген 2 жай сөйлемдерге айтылу мақсатына қарай түрін анықтап, сұраулы сөйлем құрастырыңдар.

II модуль. Тіл.

Айтыс

Айтыс – қазақтың байырғы төл сөзі, ежелден айтысу, сөз жарысы, өнер бәсекесі ұғымында қолданылып келген.

Ақындар айтысы жұрт бас қосқан ойын-сауық, үлкен жиын, ас-тойларда өтетін болған. Жиылған халық, сөз мәнісін білетін көшелі би, абыройлы ақсақалдар шаршы топта бәсеке сайысына түскен екі ақынның сөзін сарапқа салып, әділ төрелік айтқан.

Қазақтың айтыс өнері тарихында Жанақ, Түбек, Сабырбай, Орынбай, Шөже, Әсет, Ырысжан, Сара, Біржан сал, т.б. тәрізді майталман жүйріктер болғаны – бізге мақтаныш.

Айтыс – ғасырлар бойы халқымыздың кәсіп-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты туып, ел өмірімен ертеден біте қайнасқан әдеби-мәдени мұра.

I тапсырма:

- А) Зат есімді есімдікпен ауыстырып, оқыңдар.
- Ә) Етістікті басқа етістікпен ауыстырып, оқыңдар
- В) Мәтіннің мазмұнын ашуға негіз болатын тірек-сөздерді тауып, көшіріңдер.
- С) Тірек-сөздерді пайдаланып, мәтін мазмұнына байланысты сұрақ құрастырыңдар.

II тапсырма: Екеуара сөйлесіңдер.

1. Айтыс деген не?
2. Айтыс қай жерде өткізіледі?
3. Айтыста қандай мәселелер көтеріледі?
4. Қазақтың айтыс өнері тарихында із қалдырған адамдар кімдер?
5. Айтыс түрлерін білесің бе?

III тапсырма: Сәйкестендір.

№	Өнер адамдары:	Кім?
1.	Біржан сал,	Шешен.
2.	Ыбырай Алтынсарин,	Сазгер.
3.	Шәмші Қалдаяқов,	Ұстаз.
4.	Қаныш Сәтбаев,	Ақын.
5.	Әбілхан Қастеев,	Академик, геолог.
6.	Қазыбек би.	суретші.

III модуль. Отан.

Отан

Отанды сүю үшін міндетті түрде ұлы нәрсенің алдында тағзым етудің қажеті жоқ. Ол үшін балалық шағың өткен аула, жасыл құрағы жайқалып, желкілдеп өскен жас талдардың сыбдырын, көктемгі дала, жайлаудың көкжиекпен астасқан шайдай ашық аспанды, қалқыған ақша бұлттар сияқты қарапайым көзтаныс көріністерді ұнатсаңыз да жеткілікті. Егер сіз осыларды көріп, шаттана алсаңыз, жер бетінде босқа өмір сүрмегеніңіз әрі өзінді оның перзентімін деп есептеуге толық хақыңыз бар.

Қазақстан кең-байтақ, ол – Алтай тайгасы, Іле тоғайы, Қостанай мен Балқаш жағалауындағы сексеуілдері жайқалған орманды өлке. Ол – шөл далалы, ақ бас таулы, өзенді өлке.

I тапсырма. Кесте бойынша жұмыс орында.

Азтжолдың аты	Азатжолға сұрақ	Кілтті сөздер	Аудармасы

II тапсырма. Мәтінді пайдалана отырып, сызбаны толықтырыңдар және сипаттама беріңдер.



III модуль. Отан.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа рәміздері 1992 жылы 4 маусымда қабылданды. Олар: Ту, Елтаңба, Әнұран.

Мемлекеттік Туымыздың түсі – аспан түстес ашық көк. Ол – адалдықтың, тазалықтың белгісі. Ту бетінде алтын Күн бейнесі, бүркіт, ұлттық өрнек бейнеленген. Алтын Күн – киелі шамшырақты, қыран бүркіт еркіндікке, биік арманға самғауды білдіреді. Тудың авторы: Шәкен Оңласынұлы Ниязбеков.

Мемлекеттік Елтаңбамыздың көгілдір ашық аясында шаңырақ бейнеленген. Оған Күн сәулесі сияқты уықтар шаншылған. Оларды қанатты қос пырақ бейнесі көмкеріп тұр. Елтаңбадағы бес жұлдыз – бес құрлық белгісі. Авторлары: Шота-Аман Уәлихан, Жандарбек Мәлімбаекұлы.

2006 жылы қаңтардың 6-ында «Менің Қазақстаным» әні ҚР әнұраны болып жарияланды. Әні Шәмші Қалдаяқовтікі, сөзі Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтікі.

I тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар, екеуара сөйлесіңдер.

II тапсырма. Сызба бойынша әңгімелеңдер.

Авторлары
Әнұран
Елтаңба
Ту
Қазақстан Республикасының рәміздері

IV модуль. Өзім туралы.

Әкесі мен балалары

Бір күні үстел басында әкесі балаларынан сұрады: «Балаларым, сендер қазір мектепте оқып жүрсіңдер, енді бірнеше жылдан соң сендер орта мектепті бітіресіңдер, үлкен жігіт боласыңдар, сонда кім болғыларың келеді?» – деді.

Үлкен баласы: «Менің инженер болғым келеді, завод, фабриканы, шахтаны жақсы көремін», - деді.

Әкесі ортаншы баласына: «Сенің кім болғың келеді?» - деді.

Ортаншы баласы: «Менің агроном болғым келеді. Мен табиғатты, бақшаны, өсімдікті жақсы көремін.

Мичуриншіл болғым келеді», - деді.

Әкесі ең кіші баласына: «Елтай, сенің кім болғың келеді, нені жақсы көресің?» - деп сұрады.

Кіші баласы: «Менің офицер болғым келеді, Отанымызды қорғағым келеді», - деді.

Әкесі: «Біздің Отанымыз үшін инженер де керек, агроном да керек, офицер де керек, біздің елде барлық мамандық құрметті», - деді.

I тапсырма. Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығына баға беріңдер.

1. Әкесі балаларынан кім болғылары келеді екенін білді.	Дұрыс	Бұрыс
2. Үлкен баласы агроном боламын деді.		
3. Ортаншы баласы фабриканы, шахтаны жақсы көремін деді.		
4. Кіші баласы офицер болғысы келді.		
5. Біздің елімізде барлық мамандық құрметті.		

II тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, болашақта кім болғың келеді? деген сұрақты әңгімеле.

Кәсіпкер	Журналист	Заңгер	Мұғалім
Құрылысшы	Ұшқыш	Суретші	

IV модуль. Өзім туралы.

Адамгершілік

Адамгершілік дегеніміз – дүниедегі ең асыл қасиет. Адам жанының рухани тазалығы, оның қоғамды, жеке

адамдар арасындағы игі істер, бауырмалдық, туыскандық, жанашырлық, сыпайылық, әдептілік, сый-құрметтілік сезімдерінің бәрі де – адамгершіліктің белгісі. Адамдарды қызметіне, жағдайына, киіміне, сырт көрінісіне қарап бағалау дұрыс емес. Қызмет де, орта да, киім де уақытқа байланысты өзгертін нәрсе, өзгермейтін – тек жан сұлулығы мен жүрек жылуы болуға тиіс. Адамның адамгершілік қасиеті әрқашан биіктен көрінуі парыз.

Ел басына күн туған қатерлі жылдары жанын шүбе-рекке түйіп, Отанын, туған жерін, болашағын қорғаған абзал ата-әкелерді, еңбек ардагерлерін, үлкендерді сыйлау, құрметтеу, кішілерге қамқоршы болу – біздердің абыройлы борышымыз. Адамгершілік қасиеттерімізге кір келтірмейік.

I тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр.

II тапсырма. Мәтіндегі нысықтауышты табыңдар, астын сызыңдар. Түрін белгілеңдер.

III тапсырма. Сызбаны толықтырыңдар.



VI тапсырма. Мазмұнын айтыңдар.

V модуль. Қоғам және мен.

Құрметті атак

Қазақстан Республикасының Халықаралық «Абылай» және «Алтын адам» қорлары, «Қазақстан тарихы және мәдени ескерткіштерді қорғау» қоғамы бірігіп акция өткізді. Онда «Мыңжылдық адамы» мен «Ғасыр адамы»

атақтары жарияланды.

«Мыңжылдық адамы» болып төмендегі ғұламалар есімі тіркелді.

1. Ахмет Иассауи; 2. Өз Жәнібек хан; 3. Мұхаммед Хайдар Дулати; 4. Төле би; 5. Қазыбек би; 6. Әйтеке би; 7. Абылай хан; 8. Құрманғазы; 9. Шоқан Уәлиханов; 10. Абай.

«Ғасыр адамы» атанғандар:

1. Әлихан Бөкейханов; 2. Ахмет Байтұрсынұлы; 3. Дина Нұрпейісова; 4. Мұхтар Әуезов; 5. Қаныш Сәтбаев; 6. Бауыржан Момышұлы; 7. Дінмұхамед Қонаев; 8. Нұрсұлтан Назарбаев; 9. Олжас Сүлейменов; 10. Тоқтар Әубәкіров.

Бұл атақ иелеріне қазақша, орысша, ағылшынша жазылған диплом және алтын, күміспен өрнектелген медальдар берілді. Оның бір жағына шаңырақтың суреті салынған. Екінші жағына «Ғасыр адамы» немесе «Мыңжылдық адамы» деп жазылған.

I тапсырма. Мәтінді оқып, берілген алгоритм бойынша жұмыс жасаңыз.

Мәтіннің атауын оқы, бұл мәтін не (кім?) туралы деп ойлайсың?

Әр азатжолдың бірінші сөйлемдерін оқып, қандай мәселелер қаралатынын айт.

Мәтіннің соңғы азатжолын оқып, бұл қорытындының мазмұнын айт.

II тапсырма. Үлгі бойынша кестені толтырыңдар.

№	Аты-жөні	Кім болды?	Атағы
1.	Абай Құнанбайұлы.	Қазақтың ұлы ақыны, аудармашы, философ, композитор.	Мыңжылдық адамы.

III тапсырма. Берілген сұхбатты жалғастырыңдар:

- Сенің ең басты міндетің қандай?

- _____

- Әр азамат өз ортасында қандай болу керек?

- _____

- Сен атақты адам болғың келе ме?

- _____

V модуль. Қоғам және мен.

Мемлекеттік өнеркәсіп

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жолымен дамып келеді. Мемлекетіміз жеке меншіктің дамуына жағдай жасады. Байлықты мемлекет меншігінен алып, қоғам мүшелеріне берді. Алайда мемлекеттік меншіктің толық жойылуы көзделген жоқ. Стратегиялық маңызы бар салалар мен кәсіпорындар мемлекет меншігінде бола берді. Мемлекет меншігіндегі салаларда таза мемлекеттік және жеке бірлескен кәсіпорындар пайда болды.

Өзге мемлекеттер Қазақстан мемлекетімен бірігіп жұмыс істей алады. Оны бірлескен кәсіпорын деп атайды. Мұндай салалардың дамуына шетел қаржыларын тартуға болады. Бұл саясатты инвестиция деп атайды.

Мемлекеттік меншік те, жеке меншік те халықтың әлеуметтік жағдайын арттыруға қызмет етеді.

I тапсырма: Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Мемлекетіміз қалай дамыған?

2. Қазақстанда неге көп көңіл бөліп, жағдай жасалған?

3. Мемлекет меншігіндегі салаларда не пайда болды?

4. Инвестиция деген сөзді қалай ұғасың?

II тапсырма. Мәтінді қысқартып, мазмұндаңдар.

1. Негізгі ақпаратты көрсететін элементтерді тап.
2. Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді көрсет.
3. Артық ақпаратты қалған сөйлемдерден тап.
4. Маңызды ақпарат бар сөйлемдерді тауып, сөйлемдерді, азатжолдарды, мәтіннің кейбір бөлшектерін қысқарт.

III тапсырма. Мазмұнын айтыңдар.

VI тапсырма. «Менің болғым келеді» тақырыбына шағын әңгіме құрастырыңдар.

VI модуль. Уақытым.

Уақыттың пайдасы


Адам өз уақытын үнемдей білуі керек. Өзгелердің де уақытын бағалауы қажет.

Уақыттың босқа өтуі – үлкен шығын. Мұны дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Пайда келетін іспен шұғылдануды ойластырған дұрыс. Бір қарағанда, ондай пайдалы іспен айналысу оңай сияқты. Бірақ олай емес. Себебі күн тәртібін жоспарлап үйрену қажет. Ол қасиетті бойыңа жас кезіңнен қалыптастыру керек. Әрбір минуттыңды үнемдеп, пайдалы жұмсауға дағдылан. Сонда ғана табысқа қол жеткізіп, өз қабілет-күшінді толық жұмсай аласың.

Уақыт алтыннан қымбат екенін естен шығармау қажет.

I тапсырма. Мәтінді қайтадан құру жаттығулары.

1. Мәтіндегі кілтті сөздерді теріп жаз, олармен сөйлем құра.
2. Сөйлемдерді мәтіннің логикасымен ретке келтір.
3. Мәтін бойынша сызба құрастыр.



4. Сызба бойынша сөйлемдерді ретке келтір.

II тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін тауып, астын сызыңдар.

Үлгі: Мен бос уақытымды тиімді пайдаланамын.

Ерте-кеш, демалыс – бос уақыт, жинау – шашу, дос – дұшпан.

III тапсырма. Сөйлемдегі пысықтауыштың орынын толықтырыңдар.

1. Алдияр _____ тұрып жаттығу жасады.
2. Досы екеуі _____ спорт кешеніне бармақшы еді.
3. Олар хоккейді _____ ойнады.

VI модуль. Уақытым.

Үнемшілдік

Үнемшілдік дегеніміз – сараң болу емес. Сараң адамдар табысын ешқашан да біреумен бөліспейді. Олар, тіпті, өздерінің үлестерін кейде жасырады. Өзгелерді ешқашан мақтамайды.

Сараңдық дегеніміз – жақсы қасиет емес. Сараң

болу дегеніміз – болашаққа кең өріс ашудың орынына, қолында бар нәрсені жасырып, тәуекелге бел буа алмау.

Үнемшілдік ұғымы тәуекелдікке байланысты. Теледидар алдынан аулақ кетіп, болашақта саған көп пайда әкелетін іспен айналысу үшін өз еркінді бағындыра білу – тәуекелдік. Үнемшілдік дегеніміз – сенің өз уақытыңды дұрыс ұйымдастырып, ойға алғанның барлығын болмаса да, көпшілігін тындырып тастауға үлгеру үшін күшінді шапшаң жұмсай білуді білдіреді.

I тапсырма:

- A) Зат есімді есімдікпен ауыстырып оқындар.
- Ә) Етістікті басқа етістікпен ауыстырып, оқындар.
- В) Мәтіннің мазмұнын ашуға негіз болатын тірек-сөздерді тауып, көшіріңдер.
- С) Тірек-сөздерді пайдаланып, мәтін мазмұнына байланысты сұрақ құрастырыңдар.

II тапсырма: Екеуара сөйлесіңдер.

- 1. Үнемшілдік деген не?
- 2. Сарандық деген сөзді қалай ұғасың?
- 3. Үнемшіл адам қандай болу керек?
- 4. Сен үнемшіл адамсың ба?

III тапсырма. Берілген синонимдерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар.

Үлгі: *Ол жасынан ән айту мен би билеуге құмар болды.*
Жасынан – ертеден, құмар – үйір – құштар, арман – қиял.

VI тапсырма. «Үнемшіл адам» тақырыбына шағын әңгіме құрастырыңдар.

VII модуль. Денсаулық.

Дені саудың жаны – сау.

Денсаулық – табиғаттың ең қымбат сыйы. Денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану керек, уақытында

демалу керек, дене шынықтырумен айналысу керек.

Денсаулықты сақтауда дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Спортпен айналысу – денсаулықты жақсартады. Спорттың ең қарапайым түрі – жүгіру.


Денсаулықтың бірінші жауы – темекі, спирт ішімдіктері. Денсаулығың мықты болу үшін дастарханнан қантты, тұзды алып таста. Ешкімге жамандық жасама. Жүзіңнен әрқашан күлкі кетпесін. Адам күлген сайын ағзадағы шлактар сыртқа шығады.

Шетелдік ғалымдар мынандай қызықты зерттеу жүргізіпті. Бір мектептің оқушыларына төрт ай бойы бақылау жасаған. Таңертеңгілік асын ішіп келген балалар сабақта өздерін тәртіпті ұстайды, көңілді жүреді. Сабақты жақсы оқиды. Ал таңертеңгілік асын ішпей келетін балалардың басы жиі ауырады. Олар ашуланшақ келеді. Бұл балалардың сабақ үлгеріміне кері әсерін тигізеді. Сондықтан таңертеңгілік ас ішуді ұмытпаңдар!

I тапсырма. Кесте бойынша жұмыс орында.

Азатжолдың аты	Азатжолға сұрақ	Кілтті сөздер	Аудармасы

II тапсырма. Мәтінді пайдалана отырып, сызбаны толықтырыңдар және сипаттама беріңдер.



(Жалғасы келесі санда).

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басауға 10.01.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1200. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – ИП Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№1, 2014 ж., 144 бет, Алматы.